

П И О Н Е Р



Июнь

1048 жыл

№ 6



Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

Қазақстан комсомолының IV съезі

Осы жылғы июннің 3—6 нда Қазақстан Лениндік Коммунист Жастар Одағының IV съезі болып өтті.

Съезге республикамыздың түкпірінен Ленин-Сталин комсомолының таңдаулы мүшелері, екі-үш бесжылдық тапсырмаларын орындаған жас стахановшылар, егіннен мол өнім алған дала батырлары—Социалистік Еңбек Ерлері, мал шаруашылығының шеберлері келді. Делегаттардың ішінде көптегі өткен ұлы Отан соғысында даңққа бөленген Совет Одағының батырлары да бар. Съезд делегаттарының бесеуі — ССР Одағы Жоғарғы Советінің, он үшін—Қазақ ССР Жоғарғы Советінің, жүз елу екі облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық, селолық советтердің депутатты болып сайлапған адамдар.

Съезде Қазақстан Комсомолының Орталық Комитетінің есепті баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретарі Ә. Қанапін жолдас Қазақстан комсомолының III-съезінен бергі сегіз жылға жуық уақыттың ішіндегі істелген жұмыстарды қорытты, комсомол ұйымдарының бүгін таңдағы жұмыстарындағы кемшіліктерін қатал сынады, комсомол ұйымдарының алдында тұрған міндеттерді атап көрсетті.

1949 жылдың аяғында бесжылдық жоспарын орындамаған республикада бірде-бір жас жұмысшы болмауы керек. Ал ауыл шаруашылығында жұмыс істеуші жастар мен комсомолецтер өз колхоздары мен совхоздарының мемлекетке азық-түлік тапсыру жоспарын бийылғы жылы соғыстан кейінгі бесжылдықтың шешуші жылында толық орындап шығуын қамтамасыз етулері керек. Ол үшін әрбір ауыл-село комсомолецтері мен жастары Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы қызметкерлерінің 1948 жылдың басында Сталин жолдасқа сөзге хатта алған міндеттемелерін бұлжытпай орындауы керек екендігі атап айтылды.

Съезд қазақстанның комсомолецтері мен жастарының алдына колхозды ауылды мәдениеттендіру жорығына аттануын міндет етіп қойды. Колхоз поселкесінің көшелеріне, әрбір колхозшы үйінің төңірегіне ағаш егу, клубтар мен оқу үйлерін жөндеу, жаңадан салу, олардың көпшілік арасында жүргізетін жұмыстарын

жолға қою, семьяда, көпшілік орындарында тазалық сақтау, тәртіптілікке үлгі болу, әрбір комсомол мүшесінің борышы болып саналады.

Қазақ жастарын жоғары дәрежелі оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттеріне түсуге тарту, қазақ жастарынан ғылыми қызметкерлер дайындау мәселесін қолға алу республика комсомол ұйымдарының басты міндеті.

Жастар арасында саяси-тәрбиені күшейту жұмысына баяндамашы да, съезде шығып сөйлеушілер де ерекше көңіл бөлді. Кейбір кездесетін мәдениетсіздік пен ескілік қалдықтарына қарсы күресті әрбір комсомол мүшесі мен әрбір комсомол ұйымы үнемі жүргізіп отыруы керек.

Совет оқушылары арасында оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жолында, оқушылардың тәртібін күшейте беруде съезд комсомолецтер мен пионерлердің алдыңғы қатардағы күресші болуын талап етті. Олар мектептерде оқушылардың сапалы тәртібін өрістете түсуге, жақсы және өте жақсы оқуға, терең сапалы білім алуына жетекші бола отырып, өздері де үлгі көрсетуі керек. Сонымен қатар, Комсомолецтер мен пионерлер оқушыларды Отанға, Ленин-Сталин партиясына шексіз берілген рухта тәрбиелеуде мұғалімге белсене көмектесіп отыруға тиіс.

Съезде Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретарі Ж. Шаяхметов жолдас пен ВЛКЖО Орталық Комитетінің секретарі А. Н. Шеленин жолдас ұзақ сөз сөйлеп, комсомол ұйымдарының жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді айта келіп, республика комсомол ұйымдары алдында тұрған күрделі міндеттерге тоқталды.

Съезд делегаттарын Алматы қаласының пионерлері келіп құттықтады.

Съезд Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп тауып, республика комсомол ұйымдарының жұмысын жақсартудың нақтылы шараларын белгілеп қарар қабылдады.

Съезде ҚЛКЖО Орталық комитеті сайланды. Съезд жұмысының соңында делегаттар көсеміміз, ұстазымыз, жастардың сүйікті досы Иосиф Виссарионович Сталин жолдасқа хат қабылдады.

БІЗДІҢ БЕЛИНСКИЙ




...Россияның болашағы алда жатқан ел. Россия өз қоғамындағы білімді адамдары арқылы, өз орнының улы болатынын, өз болашағының өрісі кең екендігін күнілгері мықты сеніммен іштей сезіп отыр.

* * *

Әдебиет қоғам өмірінің бейнесі болуға тиіс, қоғам өмірі әдебиеттен тумайды, әдебиет қоғам өмірінен туады.

В. БЕЛИНСКИЙ.



Мәдениетті дүниеге мұрындық болып, ғылымға да, искусствоға да бағыт сілтейтін, сөйтіп көзі ашық бүкіл адам баласы аса зор құрметтейтін 1940 жылғы Россияны өз көзімен көруші немерелеріміз бен шөберелерімізге сүйсінеміз.

Өз отаныңды сүю деген сөз-сол отаныңда адам баласы арманының орындалуын көруді аңсап тілеу, солған қолдан келгенше көмектесу деген сөз.

Біз, орыстар, өзіміздің саяси және мемлекеттік маңызымызға құманданбасақ та болады: славян тектес елдердің ішінде тек жалғыз біз ғана берік, қуатты мемлекет болып қалыптастық... дағдірдің талай қатал сынынан аброймен өттік, талай рет өлім аузынан қалдық, сөйтіп аяқ болудан әрдайым аман қалып, соңынан бұрынғыдан да анағұрлы күшті, берік болып отырдық. Ішкі даму, жаңа халықта мұндай беріктік, мұндай күш болмақ емес. Я, біздің ұлттық өміріміз бар, біз дүниеге өз сөзімізді, өз ой-пікірімізді айтуға тиіспіз, бірақ, ол қандай сөз, қандай ой-пікір — оны ойлап қам жеу бізге әлі ертерек. Біздің немерелеріміз немесе шөберелеріміз мұны бас қатырып еш қыйналмай-ақ білетін болады, өйткені сол сөзді, сол ой-пікірді солардың өздері айтатын болады.

Россияның жер аумағы ұлан-байтақ, оның тың күштері ұшан-теңіз, оның күш-қуатының өлшеуі жоқ, оның алатын орнын, маңыздылығын күнілгері сезіп, жүрек лүпілдеп шаттанады!

Әрбір адам ең әуелі өз елінің ұлы, туған елінің мүдделерін қызу жақтап, өзінің күш-дәрменін жеткенінше оның адамгершілік жағынан өркендеуіне көмектесуші азаматы. Жалпы адам баласын сүю — өзінің туған жұртын сүюге жарық беріп, жол ашатын ой-пікір болуы тиіс.

ДАНЫШПАН ХАЛЫҚТЫҢ

«Мен — дүниедегі күресшімін» — депті Виссарион Григорьевич бірде өзі туралы айта келіп.

Расында, Белинский тек әдебиет сыншысы ғана емес еді. Оны әдебиет тарихшысы деп атау да олқы соққан болар еді. Ол туған халқының бақыты үшін, социализмнің ұлы мақсаттары үшін күрескен революционер — демократ болатын. В. И. Ленин оны орыс социал-демократиясының алдында болып өткен даңқты адамдардың қатарына қосты. П. В. Сталин орыс ұлтын Плеханов пен Лениннің, Белинский мен Чернышевскийдің, Пушкин мен Толстойдың, Глинка мен Чайковскийдің, Горький мен Чеховтың, Соченов пен Павловтың, Ренин мен Суриковтың, Суворов пен Кутузовтың ұлты, депті.

Данышпан философ, тамаша әдебиетші, асқан сыншы Белинский орыс мәдениетінің өсу, өрлеу жолында адам айтқысыз еңбек етіп, ұшан-теңіз қызмет атқарды. Ол кезде қоғамдық ой-пікірді әдебиет, сын арқылы ғана білдіріле алатын еді. «Бізге қоғамдық ой-пікір көбінесе әдебиетте білдіріледі», — деп жазды ол. Әдебиет халықтың арман, үмітінің үні болды. Бостандық сүйгіні халықтың көксегені мен келешектен күтері бір айтылса осы әдебиет арқылы ғана айтылатын. Дәл осындай жағдайда өмір сүріп, қолына қалам ұстап күреске шыққан Белинскийдің замандас, құрбыластары алдында қандай беделі болғанын түсіну қиын емес.

Виссарион Григорьевич өзінің саналы өмірін бойлап қуат, буыннан ал кеткенше туған еліне, халқына бағынған, барын сол жолда сарп еткен адам. Ол Россияны, орыс халқын жан-тәнімен жақсы көріп, қалтқысыз сүйе білген. «Өмір сүре берген сайын, ойға берілген сайын Русьті артықша, емірене сүйемін», — деп жазды ұлы патриот.

Халқын сөйтіп елжірей сүйген Белинский оның болашағының күштілігіне, ілгерішіл пікір, озат ойдың ордасы болатынына қатты сенетін. Патша өкметінің зорлық-зомбылығынан, қанау, талауынан құтылып, орыс халқы дүниеге «өзінің сөзін, өзінің ой-пікірін» білдіретін болады, бүкіл адам баласы мәдениетіне баға жетпес бай үлес қосады дейтін.

Белинский Россияда алдыңғы қатарлы әдебиет ғылымын жасап кеткен адам. Оның әдебиет ғылымының негізі — шығарманың халықтығы. Ол әдебиеттің шын маңнасындағы халықтығы деп демократия, реализм және нағыз патриотизм үшін күресуді түсінеді. Ұлы сыншының ойынша, ақаусыз халықтықтың белгісі — көркем шығарманың шыншылдығы, өмірдің қоғамдық озат теория тұрғысынан суреттелуі, ондағы адамдар бейнесінің дұрыс жасалуы. Ұлт өміріндегі ең негізгі, ең түбегейлі құбылысты көрсете алатын реалистік шығарма ғана халықтық бола алады. Белинский мұндай қорытындыны әуелі Пушкиннің, кейін Гогольдің шығармаларын талдай отырып жасайды.

Мүддесін халық мүддесімен нық ұштастыра білген суретші ғана озат идеялы суретші. Әрбір ұлы ақынның ұлылығы халық қуанышы мен қайғысына ортақ болуында, өмірімен біте қайнасуында. Нағыз халық жазушысы деп өз халқының бақыты үшін алысушы жазушыны айтуға болады.

Искусствоның партиялығы, идеялылығы туралы асыл пікірлер айтпеген қабат, Белинский шығарманың көркемдік хасиетінің жоғары болуын талап етеді. Эстетикалық көзқарастарын түйіндей келе, ол әрбір көркем шығарманың басты шарттарының бірі идеяның формамен, форманың

Данышпан ұлы

идеямен мәнерлесе қыйысқан сәйкестілігі, сөйтіп шығарманың бастап-аяқ тұтастығы деген қорытынды шығарады. Бұл, Белинский ұсынған «бес ереженің» бірі.

Ұлы сыншы осындай келелі пікірлерін өзінің тамаша сын мақалаларында баса айтумен заманындағы әдебиеттің алдына жарық түсіріп, жол сілтеп отырды. «Александр Пушкиннің шығармалары», «Орыс повесі және Гоголь повестері туралы», «1846 жылғы орыс әдебиетіне көзқарас», «1847 жылғы орыс әдебиетіне көзқарас», «Гогольге хат» сыяқты атақты ғылыми-әдеби мақалалары Белинский қаламынан туған кесек шығармалар. Әсіресе, «Гогольге хат» ұлы сыншының әдебиеттік қызметіне қорытынды жасаған ең таңдаулы шығармасынан саналады. Сондықтан В. И. Ленин «Гогольге хатты» аса жоғары бағалаған. Дұрысында Белинскийдің Гогольге хаты — өткен ғасырдың қыркыншы жылдарындағы озат Россияның жауынгерлік манифесі еді.

Оны бір жағынан науқас меңдетсе, екінші жағынан жоқшылық, ауыр азап меңдетсе түсті. 1848 жылы жазғытұры жетелі қайта күшейіп, төсей тартқызып тастайды. Бұл кез Батыста басталған революциямен байланысты Россияда цензураның әбден қатайып, қысымды үдетіп түскен кезі еді. Белинскийдің ізіне түсушілер көбейді. Февраль, март айларында Виссарион Григорьевичті Петербургтегі III жандарм отделеңісі екі рет шақыртады. Бір күні Петропавел қамалының коменданты Скобелев Нева проспектіне келе жатып Белинскийді көріп қалады. «Бізге қашан келесіз. Менің сізге әзірлеп қойған жылы қазематым бар», — дейді оған кекете тіл қатып.

Белинский таланттының кемеліне келген шағында 37 жасында, 1848 жылғы майдың 26 күні (жаңаша, июньның 7 күні) ақыры сол ұзаққа созылған көкірек ауруынан қайтыс болады.

Достары ұлы сыншыны Волково зиратына жерледі. Марқұмның үй ішіне жария көңіл білдіруге де тыйым салынды. Белинскийдің атын баспа-сөзде атауға рұқсат етілмеді. Оны жерлеуге жыйылған қаралы жыйын Петербург көшесінде жым-жырт келе жатты. Бұлардың ішінде «қайсар Виссарионның» талантты шәкірттері — көрнекті орыс жазушылары және Белинскийді жүзбе-жүз көрмесе де, оның мақалаларынан тағлым алған студенттер, оқушы жастар бар еді. Бұлардың ішінде оның ісін алға апарушылардың бірі Николай Гаврилович Чернышевский де келе жатқан.

Орыс халқының кемелгер ұлы, даңқты революцияшыл-демократ, атақты сыншы Виссарион Григорьевич Белинский қайтыс болғалы толық бір ғасыр өтті. Бірақ, оның данышпандықпен жазылған тамаша шығармалары күні бүгінге шейін социалистік мәдениетіміздің керегіне жаран, бізбен бірге жасасып келеді.

Біздің Белинский! — дейміз біз.

Оның туған елі Россия — Советтік Социалистік Республикалар Одағы қазір бүкіл ілгерішіл адам баласының алдыңғы қатарында келеді. Белинский Россияның осындай болуын көкееген еді.

Өткенде осындай даңқты ұлдары болған өзінің Отанын бүгінгі ұрпақ зор мақтан етеді. Келешегіне сүйіне қарайды. Большевиктер Отанында, коммунизм Отанында өмір сүріп, қызмет етуді өзіне өлшеусіз бақыт санайды.

Сағынғали СЕИТОВ.

Мүмкін отанымыздың, біздің ұлы Русьтің міндеті — бүкіл дүниежүзілік тарихи дамудың күні бүгінге шейін Батыс Европада ғана болып келген элементтерін өз бойына жыю шығар...

Әрбір жеке адамның өз тарихы, сол тарихында қыйын-қыстау кезеңдері бар; осындайда, оның өмірі, ар-намысы, бақ-ырысы дағды таразысына түскен кезде қалай қыймылдап, қандай күйде болғанына қарап қана адамға жаңылмай баға беруге болады. Сонда адам неғұрлы асыл келсе, тарихы да соғұрлы ірі, қыйыншылығы да сұрапыл келеді, ал сол қыйыншылықтан шығуы да соғұрлы салтанатты керемет жазап келеді. Сондай-ақ, әрбір халықтың өз тарихы, сол тарихында қыйын-қыстау кезеңдері болады, соған қарап халық рухының күші мен ұлылығына баға беруге болады, солай болған соң, өзінен өзі белгілі, халық неғұрлы асыл келсе, оның тарихының таңғайып аброй-атағы соғұрлы ірі келеді, оның — қыйын-қыстау кезеңдерінің және соны аброй, даңққа бөлене жетіп шығуының қорқынышты ұлылығы да соғұрлы тамаша. Жеке адамның рухы сыяқты, халық рухы да екі талай күндерде ғана айқын көрінеді, тап осының бір өзіне қарап-ақ оның күшіне ғана емес, сонымен қабат оның жастығы және күшінің сонылығына да жаңылмай баға беруге болады.

Мен орыс халқын жанымдай жақсы көремін, сондықтан оның қалың көпшілігінің болмашы бірі болуды аброй, атақ санаймын.

Біз, орыстар, тек Европа өмірінің ғана емес, бүкіл дүние жүзінің мирасқорымыз, сондай мирасқорымыз деуге правомыз да бар. Біз ағылшын да, француз да, неміс те болмауға тиіспіз және бола алмаймыз да, өйткені біз орыс болуға тиіспіз.

Өмір сүре берген сайын, ойға берілген сайын, Русьті артықша жақсы көріп, біте қайнаса сүйемін.

(ҮЗІНДІ)

Менің мақаламнан өкпелеген адамды байқаған екенсіз, оныныңды ептеп жөні бар: дегенмен, сіздің кітабыңызды оқығанымда менің қандай халге келгенімді баяндау үшін өкпелеген деген сөз өте әлсіз, тым биязы ғой деймін. Бірақ, сіздің мұны, талантыңызды құрметтеушілерге берген бағаңыздың, рас оншама жағымды тимейтін бағаңыздың қаруы деп түсінуіңіз мейлінше қате. Жоқ, әңгіме одан көрі маңыздырақ мәселеде жатыр. Өзімшілдік сезім жәбір көрсе, оны көтеруге болады, егер бар мәселе сонда тұрған болса, ол туралы үндемей-ақ қоюдың ақылын да тапқан болар едім. Ал, ақыйхаттық сезім, адамгершілік сезім жәбір көретін болса, оған төзуге болмайды. Дінді бетке ұстап, қамшы үйіріп отырып, өтірік пен өнегесіздікті ақыйхат пен адамгершілік деп соқса, үндемей қала алмайсың.

Рас, мен сізді өте жақсы көруші едім, өз еліне қанымен сіңіскен адам сол елінің үмітін, намысын, даңқын қандай сүйетін болса, мен сізді де сондай сүйетін едім, сол еліміздің ояну, өсу, прогресс жасау жолындағы ұлы көсемдерінің бірі деп сүйші едім. Егер сол махаббаттан айнып, бір минутке болса да сеніммен ауытқыған болсам, оған түгелінен сіз кінәлісіз. Мұны айтып отырғанда, мен ұлы талант иесіне махаббатымды сыйқып тартайын деген ниетім жоқ, бұл жөнде мен көптің бірі ғанамын, ол ұшан-теңіз көпшілікті сіз де, мен де әлі көзімізбен көргеніміз жоқ, олар да сізді өз көздерімен ешқашан көрген емес. Сіздің кітабыңыз аяулы адал жүректердің барлығын да сілтідей тындырғанын мен айтып та жеткізе алмаспын, сол сыяқты оныныңбен өзіңіздің кешегі жауларыңызды, әдебиеттен тыс қарғы чичиковтер мен ноздревтерді¹⁾, дуанбасыларды, әдебиеттегі өзіңіз білетін дұшпандарыңызды қаншалық қуанышқа қарық қылғаныңызды да айтып жеткізу қыйын. Сіздің кітабыңызбен ниеттес сықылды адамдардың өздері де сырт айналып кеткенін өзіңіз де көріп отырған шығарсыз. Егер ол кітабыңыз әбден дең қойған ұғымнан туған болса, онда жұртқа әсер етуі де мүмкін еді. Бірақ, оны жұрттың барлығы да (жақсы айтты деп сүйініп, жаман айтты деп күйінуге болмайтын азын-аулақ адамдарды қоспағанда) жердегі мақсатқа ғарыш арқылы жетуді көздеген, жеңіл-желпі жазылған кулық-сұмдық деп қабылдап отырса — бұл сіз ғана кінәлісіз. Мұнда таңқаларлық ештеме жоқ, қайта сіздің мұны таңқаларлық деп түсінуіңіз — таңқаларлық. Менің бұлай деп ойлауымда себеп бар, сіз Россияны терең түсінгенде, ойлы адам болып емес, тек художник болып қана түсінетін сыяқтысыз, бұл қыяли кітабыңызда ойлы адамның ролін шығара алмапсыз,

*) В. Г. Белинскийдің бұл хаты жазушы Н. В. Гоголь өмірінің кейінгі жылдарында бұрынғы шығармалық бағытынан қайтып, басқа жолға түсе бастауымен байланысты жазылған. Атақты сыншының бұл хатты жазуына Гогольдің «Достармен жазысқан хаттардың гандан алынған жерлері» деген шығармасы себеп болған.

1) «Өлі жандар» романының кейіпкерлері.

2) Гогольдің Римде тұрған кездері айтылып отыр.

3) Мистицизм — адам дағдырына әсер ететін тәңір күшіне табыну.

4) Аскетизм — өмір қызығынан безіп, тәңірді дәріштеу.

5) Пиэтизм — құдайшылдық.

6) 1845 жылы Ішке Істер Министрі Перовскийдің талабымен бір білеу қамшының орнына үш білеу биік қолданылатын болған.

*) «Өлі жандар» романының бір кейіпкері.

былай деуім — сізді ойсыз адам дегендік емес, сіз талай жылдан бері Россияға аяулы қыйырыңыздан²⁾ қарауды әдет қылып кеттіңіз, мәселе осында; бір затқа алыстан қарап, оны қалай көргіміз келсе, нақ солай көргеннен оңай не бар, бұл белгілі емес пе; сіз өзіңіздің аяулы қыйырыңызда жатып, мұндағыны танымайсыз, өзіңізбен өзіңіз болып алғансыз, сіздің көңіл күйіңізге қарай құрылған, сіздің ықпалыңызға қарсыласар дәрмені жоқ үйірменің үйірімінде қалғансыз. Сондықтан да сіз Россия өзінің өлмес өмірін мистицизм³⁾, аскетизм⁴⁾, пиэтизм⁵⁾ дегендердің бірде бірінен күтпейтінін, қоғам дамуынан, өнер-білімнен, адамгершіліктен іздейтінін байқамағансыз. Россияға діни уағаз да керек емес (талай естіген оларды!) бата-дұға да керек емес (талай сарнаған оларды!) Ғасырлар бойы кір-қоқыс арасында жоғалып келе жатқан адамгершілік сезімдері оянуы керек, — праволары мен заңдары болуы керек, олар шіркеу ұғымынан аулақ, ақылға, әділетке сыйымды болуы шарт, олар мүмкін қадарынша жүзеге асырылып отыруы хажет. Олай болмай, бұл бір адамын адамы сатқан сұрқия сұмдықтың елі болып отыр, америка плантаторлары өздерінің кулық-сұмдықтарын негр адам емес дегенмен жуып-шаймақ болса, — мұндағылардың ондай да дәлелі жоқ; мұндағы адамдар өздерін-өздері аттарымен де атай білмей, Ванька, Васька, Стешка, Палашка деп атайды; бұл елде, ең ақыры, адамның, ар мен меншіктің өркендеуіне ешбір жағдай жоқтығы былай тұрсын, тіпті полициялық тәртіптің өзі жоқ қой. Бар болғаны қызмет атқарғансын жүрген неше алуан ұры-қарылардың ірі-ірі ұйымдары ғана. Россияның алдында тұрған ұлттық мәселелердің ең мәнділері, ең пісіп жеткендері қазір мыналар: крепостнойлық правоны жою, дүре соғуды доғарту, қазіргі қол жетіп отырған азын-аулақ заңдардың өзін қолдан келгенше жүзеге дұрыс асыру. Мұны тіпті үкметтің өзі де сезе бастады (помещиктер өздерінің шаруаларына не көрсетіп келе жатқанын да, шаруалар жыл сайын қанша помещикті бауыздап келе жатқанын да бұл үкмет жақсы біледі), оның ақ негрлер пайдасын көздеген жеміссіз шалағай шаралары, адам күлерліктей етіп бір білеу қамшының орнына үш білеу биікті қолдануы¹⁾ тегін емес.

Бүкіл Россияның самарқау ұйқысын дүрліктіре бұзып отырған мәселелер міне осылар. Өзінің ғажайып, көркем, терең шындықты қопарған шығармаларымен Россияның оянуына керемет әсер еткен, оның өз бейнесін өзіне айнаға түсіргендей көрсеткен ұлы жазушы дәл осы тұста құдай үшін, шіркеу үшін, сұм помещиктерге уағаз айтып, шаруаларды көбірек жеп ақша табуға, көбірек балағаттап қақсатуға үйрететін кітап әкеп тартып отыр. Осыны көріп отырып мен қалай назаланбайын. Япырай, мұндай масқараны жазғаныңызша, өз өміріме өлім соққысын салсаңыз да мен сізді мұндай жең көрмеген болар едім ғой. Осыдан сон сіздің кітабыңыздың ниеті адалдығына жұрт илансын дейсіз ғой. Жоқ. Сіз сайтанның сандырағын соқпай, құдай жолында құлшылық еткен пенде ғана болсаңыз, бұл жаңа кітабыңызда басқаша жазған болар едіңіз. Онда сіз помещикке айтқан болар едіңіз: шаруалар да өзінің діні бір бауырың ғой, ал, бауырың болған соң ол саған құл болуға тиіс емес қой, олай болса, сен оларға не бостандық бер, ең болмағанда олардың еңбек етуіне мүмкіндік бер, олар өз еңбегін өз пайдаларына молырақ жаратсын, сен өзін ұждандықпен ойласаң олардың алдында күнәкәрсің, дер едіңіз.

«А, оңбаған нас тұмсық!» деген қай сөз. Бұл сөзді қай Ноздревтен, қай Собакевичтен*) естіу едіңіз Мұны-

Мен өлемге негіз айтпак болдым екен. Өздерінің мырзаларына сенемін деп, өздерін өздері адам деп танудан қалған, сондықтан да жуыну, тазаруды да ұмытқан мүжықтарға арнап, пайдалы ұлы ғылым аштым демек болдыңыз ба? Ал, орыстың ұлттық соты мен жазалау тәртібі туралы пікіріңізді не дейміз? Бұл жөніндегі идеалды Пушкиннің әңгімесіндегі ақымақ қатынның жазықсызды да, жазалыны да дүрелей беру керек деген ұғымына сай сөзінен тапқансыз ба? Рас, ол бізде жиі қолданылатынын сіз айтпасаңыз да білеміз; бір айырмасы дүре көбінесе жазықсызға сорылады, өйткені, оның пара беріп құтыларлық шамасы жоқ; жазықсыз жаздық деген мәтел содан туады. Адамның ішкі терең толқынынан, жоғарғы рухани сана сәулесінен осындай да кітап туады екен. Мүмкін емес! Сіз не сырқатсыз — онда емделуіңіз керек, немесе... әттең, аузым бармай отыр! Қамшысынан қан тамған надандықтың әулиесі, өнер-білім душпаны, қара қапастың қаһарманы, татар қаталдығының жаршысы — сіздің істеп отырғаныңыз осы. Аяғыңыздың астына қараңызшы құрдымға құлағалы тұрсыз ғой... Біздің діни қауымды бүкіл орыс қоғамы мен орыс халқы ит етіндей жек көретінін сіз қалайша білмейсіз? Орыс халқы бейпіл әңгімелерді кімдер туралы айтады? Поп туралы, поптың әйелі, қызы және қызметкері туралы айтады. Орыс халқы: арам тұқым, мес қарын айғырлар деп кімді айтады? Поптарды... Жалмауыз, сараң, ұсақ, арсыз сұлде деп орыс біткен Россия поптарын айтпағанда, кімді айтушы еді? Осының бәрін сіз білмеген боласыз ғой? Ғажап екен. Сізде орыс халқы дүниедегі ең діншіл халық: жала!

Бұл өзінің мінез-кұлқында дінге ден қоймайтын халық екендігін сіз үнілікпесеніз көрер едіңіз. Мұның ырымшылдығы әлі көп, бірақ, діншілдіктің ізі де жоқ. Қоғам мәдениеті өскен сайын ырымшылдық жойылып отырады, ал, діншілдік, көбінесе, сыйыса береді, бұған Франция дәлел, ондағы көзі ашық білімді адамдардың арасында да ден қойған католиктер толып жатыр, сонымен қатар христиан дінін тастап, басқа бір құдай жолын ұстағандар да аз емес. Орыс халқы мұндай емес; құдайға кұлшына табынбайды; бұл халықтың айқын ақылы, жарқын ойы ондайға жібере қоймайды; бұл халықтың болашағы, тарихи дағдыры зор екендігінің өзі осында болуы мүмкін...


Айтпақшы, сіз өз кітабыңызда бұқара халықтың сауатты болуы өзіне пайдасыз екені былай тұрсын, қыпқызыл зыян дегенді көйтіп, бір ұлы ғылымды ашып тастағандай болыпсыз; — мұныңызға не десек екен? Осы византиялық пікіріңізді қағазға тұртуін тұрткенмен, не айтып отырғаныңызды аңғармаған болсаңыз, — византиялық құдайыңыз кінәңізді кеше жатар...

Сіздің кітабыңыз шатасқан, біржола жындануға қалған ақылдың жемісі, деп ойлағандар да болды. Бірақ, олар бұл ұйғаруларынан тез тайқып шықты, — өйткені бұл бір күнде, бір аптада, бір айда жазылған кітап емес, мүмкін бір жыл, яки үш жыл бойы жазылған нәрсе; байламы түйіні бар, салақ сөйлемдердің ар жағында ойланып жазғандық жатыр, ал, билеп-төстеуші үкметтерге гимн жазу тақуа автордың дүниені тіршілігіне өте қолайлы-ақ. Сондықтан да Петербургте тараған сыбыс тегін емес екен, сіз бұл кітапты мұрагер



Белинский Достоевский мен Некрасовқа «Бишараларды» оқып отыр.

ағзамның ұлына тәрбиеші болып орналасу үшін жазыпсыз деседі. Бұдан бұрын да сіздің Уваровқа жазған хатыңыз да Петербургке әйгілі болған, онда сіз Россия туралы жазғандарымды жұрт жатқа жорыйды деп қайғыратын көрінесіз, одан соң өзіңіздің бұрынғы жазған шығармаларыңызға көңіліңіз толмайтынын, патша ағзамға ұнайтын шығармалар жазбайынша қанағаттанбайтыныңызды айтыпсыз. Енді өзіңіз бір ойлап қараңызшы, өз кітабыңыз өзіңізді маскараалап, жұрт алдында жазушылық беделіңізді, тіпті адамшылық беделіңізді түсіргеніне таң қалуға бола ма? Байқауымша сіз орыс жұртшылығын оншама біле қоймаған екенсіз. Оның мінез-кұлқы орыс қоғамының жағдайына байланысты, мұнда іште қайнап, сыртқа теуіп шығып жатқан жаңа күштер бар, бірақ, олар ауыр азап астында еркіндел бой жаза алмай, қамығумен, қайғымен салқын, самарқау халде. Тек әдебиетте ғана, қатал цензураға қарамастан, әлі өмір бар, алға талпыну бар, жазушының атағы бізде сол себепті құрметті, сондықтан да, шағын таланты барлардың өзі де әдебиетте аброй табады. Бізде ақын атағы, әдебиетшінің лауазымы түрлі түсті шешекпендердің беделін әлдеқашан басып өткен. Сондықтан да либералдық бағыттың қандайын болса да, тіпті дарынсыздарының өзін, бізде өте-өте қадірлейді; ал ұлы талант иелері амалсыздан болсын, айламен болсын, дінге, патшалыққа яки қауымға құлдық ететін болса, олардың құны тез түсіп, қалу себебі де осында жатыр. Бұған тамаша мысал — Пушкин, оның бір-екі мақтану өлең жазып, камер-юнкер киімін жамылуы-ақ мұн екен, халық сүйіспенділігінен айрыла жаздады! Егер сіз кітабымының құны теріс бағытта болғандығынан түскен жоқ, әркімге және әлеуметке айтқан шындығымының өткір болғандығынан түсті деп шынымен ойлайтын болсаңыз, мықтап қателескеніңіз. Айталық, сіз оны әдебиетшілерден көруіңіз мүмкін делік, ал, жұртшылықтың не жазығы бар? «Ревизор» мен «Өлі жандарда» сол жұртшылыққа айтқан ащы шындықтарыңыз өткір емес еді, ақыйхат емес еді, шебер емес еді деп кім айтады? Ескі мектептен шыққандар сізге өшіккенінен жындана жазғаны да мәлім, бірақ, «Ревизор» мен «Өлі жандардың» құны одан түспейді ғой, ал, мына кітабыңыздың абыройы жер мен жексен болды. Жұртшылықтікі дұрыс: Олар орыс жа-



Суретте: В. Г. Белинскийдің көңілін сұрауға келген Некрасов пен Панаев.

зушыларын жалғанда жалғыз көсемдеріміз, қорғаушыларымыз, орыс патшалығының діншілдік пен қауымшылықтың қаһарынан сақтаушыларымыз деп түсінеді, сондықтан да жазушы кітабын жаман жазса, кешіре біледі де, арам ниетпен жазса, кешіре алмайды. Бұл біздің қоғамымыздың әлі кұрсағында жатқан жас, сергек санасезім күштері қаншалық көп екенін көрсетеді; бұл сол қоғамның келешегі зорлығын көрсетеді. Егер Россияны шын жақсы көретін болсаңыз, кітабыңыздың іске алғысыз болғанына менімен бірге қуаныңыз!

Орыс жұртшылығын мен өзім біраз білетін сыяқтымын деп айтсам, күпірлік бола қоймас. Мен сіздің кітабыңыздан қорыққанда ол жұртшылыққа әсер береді деп емес, үкмет пен цензураға әсерін тигізеді-ау деп қорықтым. Үкмет сіздің кітабыңызды көп тиражбен басып шығарып, арзан бағамен сатпақ екен деген қауесет Петербургке тараған кезде менің достарым қобалжып қалған еді; қайткен күнде де ол кітап абыройлы болмайды, ұзаққа бармай ұмыт қалатын болады деп мен оларға сонда-ақ айтқам. Айтқанымдай болды, ол туралы жазылған мақалалар ғана есте қалды да, оның, өзі атымен өшті, солай орыс баласының ақыйхат сезінуі, жетіле қоймаса да, терен...

Мәселе маған тірелетін болса, тағы да айтайын: менің мақалам сіздің маған — өз сыншыларыңыздың бірі есебінде берген бағаңызға қару қайтарған мақала деп түсінуіңіз қате. Егер мен оған өкпелеген болсам, онда сол

туралы наразылығымды баса айтар едім де, басқа жөнінде салқын сабырмен ғана жазған болар едім, — сіздің өз талантыңызға тағзым етушілерге берген бағаңыз екі есе жаман, ол рас...

Сіз өз талантыңызды қадірлеушілерге ризалық білдіргіңіз келіп, (алғысыңызды жауларыңызға айтып отырып) уақыт күтіп жүргеніңізді мен білмей едім, біле алмадым да, шынымды айтсам, білгім де келген жоқ. Менің алдымда сіздің ниетіңіз емес, кітабыңыз жатты, мен бір емес, жүз қайтара оқыдым, сонда да өзіндегі барынан басқа ештемесін көре алмадым, ал, өзіндегі бары менің жанымды қорлап, ызамды келтірді. Егер ойыма ерікті молырақ берсем, бұл хат ілезде қалың дәптерге айналған болар еді. Мен бұл туралы сізге жазамын деп ойлаған да жоқпын, бірақ, жаным ауырғандықтан жазғым да келуші еді; сіздің ешбір қулық-сұмдықсыз шынды айтып, өзіме жазып тұрындар деп әркімге баспасөз бетінде право бергеніңізді де ескергемін. Мен мұны Россияда тұрып жаза алмақ та емес едім, өйткені, ондағы

жұрттың хаттарын тек қызық көріп қана ашып оқымайды, қызмет борышын атқарып, жала, шағым жазу үшін де ашады. Быйылғы жазда басталған көкірек ауруы мені шетелге қуып жіберді, сіздің хатыңызды Зальцбрунда жүргенімде маған Некрасов жіберді; бүгін Анненков екеуіміз бұл жерден шығып, Майндағы Франкфуртты басып Парижға кетпекбіз. Сіз деп кенет хат алуымның арқасында кітабыңыз туралы ойымда жатқан сізге қарсы пікірлерімді ақтаруыма тура келді. Мен ірке сөйлеуді, қулық жасауды білмеймін, бұл менің қолымнан келмейді. Мен сіз туралы пікірімде адасқан болсам, өзіңіз дәлелдерсіз, уақыт та дәлелдер. Мен сонда оған да ең алдымен қуанармын, бірақ сізге айтқандарым үшін опық жемеспін. Мәселе сіз бен біздің қара басымыз туралы емес, мен түгіл сізден де биік зат туралы болып отыр; мәселе ақыйхат туралы, орыс қоғамы туралы, Россия туралы болып отыр.

Сонымен қорыта айтарым мынау: егер сіз тақаббар тақуалық жасаймын деп, өзіңіздің шынайы ұлы шығармаларыңыздан безіп, бақытсыздыққа ұшыраған болсаңыз, енді адал ужданыңызды алға ұстап, мына соңғы кітабыңыздан безіңіз де, оны шығарудағы ауыр күнөңізді жаңа шығармалармен, бұрынғыларыңыз сықылды шығармалармен ақтаңыз.

Зальцбрун

3-июль (жаңаша 15 июль) 1847 жыл.
Аударған Қасым АМАНЖОЛОВ.





Лагерь күндері

Қазір республикамызда пионерлер лагерін, демалыс үйлерін ашу үшін дайындық жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Большевиктер партиясы, бүкіл совет халқы және барлық комсомол ұйымдары оқудан шаршап шыққан пионерлер мен оқушыларға жазғы демалыс уақытын қызықты, пайдалы өткізіп денсаулықтарын түзеп қайтуы үшін барлық мүмкіншіліктерді жасап отыр. Туған еліміздің ең жақсы, ең сұлу жерлері жыл сайын пионерлер лагері мен туристер базасының пайдалануына беріледі.

Быйылғы жылы пионерлер лагерінде, демалыс үйлерінде республикамыздың 157 мың пионері мен оқушысы дем алып қайтпақ. Бірақ пионерлер лагері пионерлердің тек қана дем алып қайтатын орын емес, сонымен қатар, бұ да тәрбие мектебі. Лагерь жұмысы дұрыс ұйымдастырылса, әрбір пионер мектептен қыстай алып шыққан білімдерін толықтырады, денесін шынықтырады. Лагерьде демалып жатқан әрбір пионер спорт пен физкультураның ең жақсы түрлерімен шұғылдана жүріп, БГТО значегіне норма тапсырады.

Лагерь ашылған күннен бастап-ақ пән, спорт, өлкетану және көркемөнер үйірмелері ұйымдастырылады. Туристер жорығына, туған өлкемізді зерттеу саяхатына, спорт жарыстарына лагерьдегі пионерлердің барлығы да қатыстырылады. Әрбір пионер асыл тастарды, дәрі-дәрмек өсімдіктерін жыйнап, гербарий, жоллекция жасайды, өз мектептерінің көрнекті құралдарын көбейтеді.

Міне, осы талаптарды аброймен орындап шығу үшін лагерьде пионерлер дружинасының жұмысы дұрыс ұйымдастырылатын болсын. Пионер вожатыйлары пионерлердің жасын, олардың тілегін еске ала отырып, олардың арасында әңгіме өткізіп, кітап оқып беріп, саяхатқа уақытында шығарып отыруға міндетті.

Бірінші күннен бастап-ақ отрядтардың, звенолардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру керек. Лагерь маусымы кезінде екі рет дружинаның әскери ойыны, лагерьдің ашылуына және оның жабылуына арналған костерлер, лагерьлік спартакиадалар, туған өлкемізді зерттеу сая-

хатын және көркемөнер бештерін өткізіп тұру хажет. Пионерлер жақын колхоздарға, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің семьяларына, көп балалы аналарға қамқорлық жасап, көмек беріп, пайдалы қоғам жұмыстарына қатысып отырулары тиіс.

Лагерьде жүгіру, секіру, жүзу және футбол, волейбол ойындарынан жарыстар өткізіледі. Бұл жарыстарға барлық отряд, барлық звенолар қатынасып, әрқайсысы бірінші орын алу үшін күресулері керек. Әрбір отряд, әрбір звено спорттың осы түрлерінен өздерінің чемпиондарын шығаруға тиіс.

Пионерлер туған өлкемізді зерттеу саяхатына шыққан кезде тарихи ескерткіштерді, жергілікті жердің табиғат байлықтарын зерттей отырып, біздің республикамыздың әралуан, өте қымбат байлықтарымен танысатын болсын.


Лагерь — пионерлер активтерін тәрбиелеп шығаратын мектеп. Пионер осында жүріп өз бетінше жұмыс істеуді үйренеді, вожатый, нұсқаушы пионер және тағы басқа ұйымдастырушылық жұмыстарына жаттығады. Енді біраз балалар лагерьде жүрген кезде ғана жүзуді, әртүрлі спорт ойындарын ойнауды, денешынықтыру қыймылдарын жасауды үйренеді. Міне, осының барлығын пионерлер звено арқылы үйренеді. Сондықтан да звеноның жұмысы дұрыс ұйымдастырылып, жақсы жолға қойылсын. Звеноның әрбір жыйыны қызықты, тартымды өтіп отыратын болсын.

Пионерлер отрядтарының да істейтін жұмыстары өте көп. Лагерьдегі пионерлер отряды өзінің барлық пионерлерін қатынастыра отырып, жұмасына бір рет жыйын өткізіп тұрады. Отрядтың әрбір жыйыны бір-біріне ұқсамайтын, бұрынғыдан да қызықты, бұрынғыдан да ұйымдасқан түрде өткізіліп отыратын болсын. Сөйтіп, отрядтың, дружинаның вожатыйлары пионерлерді еліміздің күнделікті саяси өмірімен ығрым таныстырып, олардың Советтік Отанымызға, большевиктер партиясына, совет халқының ұлы көсемі Сталин жолдасқа деген сүйіспеншілігін күн сайын арттыра беру үшін қажырлы жұмыс істеулері керек.

Аудан орталықтарында қалатын оқушы пионерлердің де демалыс уақыты қызықты түрде ұйымдастырылуы хажет. Мектеп жазда да ашық болады. Оқушы пионерлер өздерінің бос уақыттарының көпшілігін осында өткізеді. Сондықтан да, мұнда тәжірибелі вожатыйлар жұмыс істеп, жұмысты жақсы жолға қоюға тиіс.

Балалардың жазғы демалыс уақыты қызықты, көңілді өтіп, біздің оқушыларымыз 1948—1949 оқу жылына жаңа күшпен келетін болсын!

Т. Болатова.



Азамат

(Повесть жалғасы, басы әткен сандарда)

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Суреттерін салған К. БАРАНОВ

Шал қосауызын оқтап, итін ертіп самолеттің құлаған жағына беттеді. Талғат біраз уақыт ессіз жатты. Оттай жанып тер қатқан денесі мұздағанда барып, тұлабойы дір ете қалды. Көзін ашып қарап еді, маңдайына аққан қанды су көзіне құйылып қаратпады. Басын да көтертпеді.

«Тірімін» деген ой келді. Екі қолымен бірдей жерге сүйеніп кеудесін көтерді. Жан-жағына көз салып қарап еді, ақ қардың беті қызылды-жасылды болып көрінді. Көз алды қарауытып, бұлдырап кетті. Екі қолымен басын сүйеп, кеудесімен жылжып әрең дегенде қардан шықты. Денесі аман. Зілдей ауыр. Басын көтере алмады.

Ауызы, басы қан-қан. Бір мезетте қолымен аузын сыйпап көрді. Жылы қан омырауынан төмен сорғалап тұр. Әлден уақытта барып екі қолын бірден жерге тіреп басын әрең дегенде жоғары көтерді. Бірақ, қан қайдан ағып жатқанын көпке дейін біле алмады.

Оның еш жеріне жара түскен жоқты. Самолеттің кабинасынан секіріп шығарда, қатты тістеп ерінің тістеп алған. Ал, қарағайдың бұтағына соғылғанда, маңдайын бұтақ жырып кеткен.

Басы аздап серігіп, бетін сүртіп жан-жағына қарады. Мүлгіген орман ағашы мен ақша қардан басқа көзіне ешнәрсе көрінбеді.

Ол осы жерде күн батып, қас қарайғанша отырды. — Бұл жерден кеткенмен болмайды, — деп ойлады. Ол. Сүйікті машинамың құлаған жерін көруім керек. Оның несі қалды екен? Әлде сау-тамтығы қалмай барлығы күл болып жанып бітті ме екен?

Ол қазір қатты шаршаған, өзі аш. Ақырын ғана орнынан тұрып, күндізгі құлап түскен жердегі омбы қардың шұқырына барып қыйсап кетті.

* * *

Шал орманды көп кезді. Таппай қоймауға бел байлап, бұл шамада ол бармаған жер аз қалды. «Осы шама емес пе?» — деген жердің бәрін де аралады. Ақ күшігім адасып кете ме деп, итін өзінен ұзатқан жоқ.

«Күшігімді еркіне жіберіп көрсем, тезірек табылар ма еді» — деп те ойлады. Бірақ, жас күшікті бетімен жіберу өте хауіпті. Ормандағы түлкі мен тышқанды қуамын деп адасып та кетуі кәдік. Ақ күшігі өзінен ұзай бастаса шақырып алып, «енді ұзама» дегендей жөкіп те қояды.

Бұл шалға осы орманның әрбір ағашы таныс. Ол осыдан 25 шақырымдай жердегі кішкене Малиновка деревнясында туып өскен. Бұл орманға бұдан жақын жерде ел жоқ. Ол бүгін күндегідей орманда аң аулап жүрген жоқ. Құлаған самолетті таппақ.

Орманға құлаған самолетті іздегелі көп болды. Күн батып кетті. Өзі әбден терлеп, үрінді қарға омбылап, малтығумен шаршап та қалды. Ақ күшігі де ауызын ашып, тілін салактатып-болдырды. Ақ күшік жарты километрдей озып барды да, орманның қоюланған бір түкпіріне қарап, шоу ете түсті.

— Эх, — деді шал, — әне күшігім тапты самолетті! Шал шаршағанын да есінен шығарып қанаты төңкеріліп, теңкіліп жатқан самолеттің қасына жүгіріп барғанын сезбей қалды. Ақ күшігі де арсалақтап, біресе шалға, біресе машинаға қарай жүгіреді.

Матвей самолетті айналдырып бір қарап өтті. — Е, қателескен жоқ екенмін, — деп ойлады қанатындағы қып-қызыл жұлдызына көзін тіге қарап. Бұл біздің самолет екен.

Матвей қарттың самолетті көргені бір бұл емес. Ол 1939 жылы аң-терісін жоспардан екі есе артық өткізгені үшін Москваға самолетпен барып, сыйлық алып қайтқан.

Ол самолеттің әр жерін ұстап көрді де: — Мынау біздікі болғанмен, мен мінген самолетке ұқсамайды екен, — деп ойлады.

Самолеттің оң жақтағы қанаты мен моторы қарға батып кетіпті. Бір қанаты ғана қалбыйып, аспанға қарай көтерілген күйінде қалған. Самолеттің не жанып, несі қыйрағаны белгісіз. Әзірге Матвей қарттың көргені бір ғана қанаты.

* * *

Құлан иектеніп таң да атып келе жатты. Талғат ақырын ғана орнынан тұрып, құрыстап қалған денесін жазып, шығысқа қарап құлашын жая бір керілді. Алғашқыдай емес денесі жеңілдеп қалған сыяқты. Жүрегінің қарайғанын енді сезді.

Күн әлі шыққан жоқ, тек қана ала сәулеленіп келеді.

Талғат шығысқа бет алып жүріп кетті. Бірақ, оған мынау орманның шеті мен шеті жоқтай көрнеді. Жан-жаққа құлағын салып, тын тындайды. Орман іші тыптыныш. Шықылдаған ала қанат сауысқаннан басқа бұл орманда жанды мақлұқ жоқ секілді. Ол төңірекке ызалы, қайғылы пішінмен қарады. Әлден уақытта барып: — Қайдасың сен, қайда менің ма—ши—нам? — деді.

Ол тағы жүрді. Жүрісі тіпті өнбеді. Үрінді қарға омбылап келеді...

Орман іші қара көленкелене бастады. Танертеңнен бері тынымсыз атылып жатқан зеңбірек дауысы да бәсендейін деді. Алысқа ататын ауыр зеңбіректер дауысы оқтың-оқтың ғана естіледі.

Қара орманды қараңғылық басты. Бірақ, ол жүрісінен танған жоқ. Енді отыруға да, жатуға да болмайды. Ол қараңғылықты жамылып жүріп келеді. Қардан басыа қылтытып тұрған әрбір бұта көзіне самолетінің қанатындай көрінеді. Осындай бір бұтаға әрең жетіп еді, ар жағында тағы бірдеңе тұр...

Әудем жерде самолет жатыр. Оның айналасын тіміскілеп бір ақ күшік жүр. Таңғажайып бір сурет тұрды оның көз алдында. Қанаты қайырылып мына жатқан самолет кімдікі.

Қойынаа пистолетін суырып алды да, жоғары кө-

терді. Айырылмас досы санаған ардақты машинасының дөңгелегін искеген ит, канатына қонған құзғынға ызалайған адамдай аспанға қарап тарс еткізіп атып салды. Көптен бері оқ атпаған пистолеттің дауысы қатты шықты. Тұнық орман селк ете қалғандай, өз денесі де дір ете түсті. Сауысқан көтеріліп кетті, ал, ақ күшік шау ете қалды.

Талғаттың көз алдында екінші бір сурет пайда бола қалды. Сақал-шашы аппақ қардай шал бұған қарап қос ауызын кезеп тұр. Онда да, мұнда да үн жоқ. Екеуі де мелшип қатып қалған.

«Сенің жаның менің қос аузымның қарауылында», — дегендей сасқан шал жоқ, шегір көзін өңбеніне қадап тұр. Қозғалсаң, біттің дегендей түрі бар.

Өз самолетінің қасына жақындатпай тұрған мына шалдың қылығы Талғатты қорлап, ызаландырғандай болды. Даусын сәл көтеріп:

— Досымбысың, қасымбысың, шыныңды айт! — деді Талғат пистолетін кезеп ұстап.

— Сен кімсің? — деді шал таза орыс тілінде.

— Кімсің сен, қыйраған самолетті қорып нең бар? Оның несін қорып тұрсың? — деді Талғат, алғашқыдай емес, бойын жыйнақырап. Мұның бұл сөзінде «осы қалай жау бола қойсын» — дегендей сарын бар еді.

— Неге маған мұны күзетпеске, бұл біздікі, — деді шал.

— Қалайша бұл сіздікі болады?

— Көрмеймісің, қызыл жұлдызы бар, ол өзі тағы біздің орманда жатыр. Қыйрап қалса да, біздікі болған соң күзетемін — деді шал кезеген мылтығын қозғалтастан. Қалтыраған қолын қозғалтпай ұстауға тырысып, мылтықтың құндағын ыйғына тірей түседі.

— Сіз мені қыйрап қалған машинаға жібермей, атып тастайсыз ба? — деді Талғат сөзін қалжыңға айналдырып.

— Біздікі болсаң, атпаймын. Ал, басқа болсаң, әрине, атып тастаймын.

— Осы самолет менікі болады, ата! Самолет сіздікі болса, мен де сіздікімін.

— Кеше секірген сенбісің сонда?

— Я, мен.

— Ал, сен болсаң, анау қолыңдағыңды қалтана сал да, бері кел, документінді көрсет! — деді шал, мылтығын кезеуді қойып.

Талғат шалға жақын келіп, басын иіп сәлем берді. Шал Талғаттың бетіне тесіле қарап алды да:

— Сен біздікі болсаң, айтшы қане, біздің әскерлер қайда, олар не істеп жатыр. Алдымен осыны айтшы?

— Біздің армия шабуыл жасап келеді, немістерді қуып барамыз.

— Қалайша қуып барамыз дейсіз? Ал, қуған болсаңдар біздің Малиновкаға жетті ме?

— Сіздің Малиновка қай жерде еді?

— Біздің Малиновканы білмейсің бе? Ол мына жерде, — деп қардың үстінен айқыш-ұйқыш сызықтар жүргізді де, мына жер орман, мынау біз тұрғын жер, ал, мынау біздің кішкене Малиновка. Ал, әскерлер осыған жетті ме деймін?

— Кеше, — деді Талғат, — үлкен шабуылдар болды. Мүмкін бүгін біздің әскерлер сіздің Малиновкаға жеткен болар.

— Сенің қарның ашқан екен ғой, ә? Мынаны қосып же! — деп, шал күлге көмген екі-үш картопты сумкасынан алып Талғатқа ұсынды.

Талғат самолетінің канатына асыла тұрып, тамақтануға кірісті. Шал аяғын көсіліп, қардың үстіне жайғасып отырды да, ойға кетті. Қалтасынан сырты кір-кір дор-

басын алды да, жуан етіп шылым орады. Екі тасты бір-біріне тақылдатып, шыйыршықтап ескен мақтаның бір ұшын тұтатып, шылымын жандырды. Ақыры ғана көзін жұмып, шылымды үсті-үстіне сора бастады. Әлден уақытта барып:

— Мен Малиновканың жаудан босағанын қыраңдарға айту үшін кетуім керек пе, жоқ алдымен кемпіріме баруым керек пе? — деді өзінен-өзі төмен қараған бойымен.

Талғат шалдың бұл сөзіне жауап қатқан жоқ.

— Сен анық білесің ғой, біздің Малиновкада немістер жоқ қой, ә? — деді шал.

— Онда немістер жоқ! — деді Талғат.

— Мен болсам, не біздің адамдарға, не Малиновкадағы кемпіріме барамын. Ал, сен қайда барасың? Менімен мүмкін жүретін боларсың. Өйткені, сен енді ұшып кете алмайсың ғой. Енді ұша алмайтын болдың-ау, ә?

— Жоқ, ата, маған жаңа самолет береді, мен тамақ жеп әлдеңген соң өз бөлімімді іздеуім керек.

— Сонда сен өз бөліміңе барасың ба? Мынау орманнан қалай жол тауып шыға аласың? Онда менімен бірге Малиновкаға бармайсың ба, кемпірдің шайы, наны болса жеп, әлденбейсің бе? Бірақ, шай сүтсіз болады: немістер сыйырымды сойып жеп қойған. Саған беретін жұмыртқа да болмас, тауықтарымды да жеп бітірді деген. Кемпірдің жерге көмген астығы мен картобы бар. Соны көрек етіп отырған болар. Кемпірімнің мысығынан басқа ешнәрсесі де қалған жоқ. Ең әр жағы ақ күшікті де мен ертіп кеттім. Малиновканы көрмегелі бір аз болды, кәдімгідей аңсап жүрмін. Бір жылдан бері орман кезіп, аң орнына немістерді аулайтын болдық. Сен бұл орманнан жол тауып шыға алмайсың, менімен еріп Малиновкаға жүр! — деп шал орманнан тұрып, мылтығын арқасына салды.

Талғат қыйраған самолетіне қарады. Айналасын бел-



гілеген адамдай машина қасындағы әрбір ағашқа қарай алды. Жерге қарап ойланып бір аз тұрды. Шал да ойын бұзбайын дегендей күтіп тұр.

— Ал, кеттік! — деді Талғат әлден уақытта барып, екеуі қалың орманды қақ жарып Малиновкаға қарай жөнелді. Талғаттың бұрылып артына қарай бергенін сезген шал:

— Саған бәрі бір жаңа самолет береді ғой, шырақ! Өзі осындай самолет бізде көп пе? — деп сұрады.

— Көп, ата!

— Сындырсаң, жаңасын бере-бере ме?

— Біреуін сындырсаң — кешірім, екеуін сындырсаң — кешірім..

— Демек, үшеуге жетсе, бермейді ғой, ә? Дұрыс. Біздің колхоздың председателі де екі арба сындырған арбакешті, енді сен арба айдай алмайтындығыңды көрсеттің деп, басқа жұмысқа жіберетін. Бұл да сондай болды ғой, ә? Онысы дұрыс. Сен біреуін ғана сындырдың ғой, ә!

— Біреуін ғана, ата!

— Оқасы жоқ. Ендігіде сақ бол. Сендерде менің Иваным жоқ па?

— Балаңыз ба еді, ата!

— Я, Иван Матвеевич Бондаренко.

Шалдың артында келе жатқан Талғат ентелей басып, қатарласа келіп, шалдың бетіне қарады. Шалдың төңірегін әжім басқан отты көзі досы Бондаренконың отты көзінен аумайды.

«Қалай, бұл рас Бондаренконың әкесі болғаны ма? Неде болса үйіне барған соң көрермін. Басқа болып шықса, шалды бекер алдамайын, — деп ойлады ол. Іле-шала:

— Баланыздың суреті бар ма? — деп сұрады.

— Бар, бар!

XX XXX XX

Өзінің сүйікті Малиновкасын сағынып келген Матвей қарт селоның ортасына жеткенде, аузын ашып тұрып қалды. Ойсырап жатқан үйінің орны мен пешінің сорайған трубасын көрді.

— Не болды ата, не болды? — деп Талғат қарттың бетіне үңіле түсті.

Мелшііп тұрып қалған қарт әлден уақытта барып:

— Кемпірім қайда, үйім қайда? — деп дауыстап жіберді.

Матвей қарт пен Талғат ақырын басып сорайған труба жанына жеткенде, үш-төрт кемпір-шал келіп шалға көңіл айтты.

Шал жайғасып отырып болған оқыйғаны бастан-аяқ тындап алған соң, орнынан тұрып:

— Ал, жараңдар! Мен өзімнің қырандарыма кеттім. Оларсыз мен бұл жерде аялдай алмаймын. Қош болыңдар көріскенше! — деп көз жасын бір төгіп алды да, Талғатқа қарады: — Ал, сен жігітім, біздің Иванды көрсең, Матвей шалға жолықтым де, ол шешесінің жалғыз ұлы еді, жүдеп кетер, айтпай-ақ қой, — деді.

Матвей қарт қалтасынан бір жапырақ қағаз алды да, былай деп жазды: «Мына Талғат баламмен бірге болдым. Суретінді алдым. Сен үшін мұны сүйдім. Мен жермен, сен аспанмен бір сапарға кетіп барамыз. Кешікпей жолығайық. Кішкене Малиновкаға қайта келіп, сені күтіп отырамын. Әкең Матвей.»

— Ал, осы хатымды балама бер. Сен де менің балам болдың. Қош бол! Иванмен еріп бірге кел, соғыс біткен соң, жарай ма, балам!

— Жарайды, ата!

Қарт партизан селодан шығып артына қарады. Артынан қарап тұрған көпке қарап қолын көтерді де:

— Менің үйімнің орнына ешқайсың үй саламын деп әуре болмаңдар. Өзім келіп Иваныма жаңадан үй салып беремін. Я, осы естерінде болсын! — деді де жүріп кетті. Ақ күшігі артынан еріп барады.

Талғат үйге кіріп, дем алмақ болды.

Ол көзін қанша жұмғанмен көз алдынан әлігіде ғана әңгіме болған бір сурет кетпеді. Жанған өрттің ортасында оң қолын жоғары көтеріп «кек», «кек», — деп ақ шашты ана тұр. Ол осы тұрысында өлімге бас иген адам сыяқты емес, жанның бәрін жалында тұрып жарыққа, өмірге сілтеп тұрғандай. Қайғылы да, қаһарлы да ана, көзі ілініп бара жатқан Талғатқа:

— Бүктісіп жатқаның қалай, ар қайда, намыс қайда, сенің мен сыяқты ақ шашты анаң жоқ па еді? — дегендей боп көрінеді.

Ол тыншып жата алмады. Орнынан тұрып қартасына қарады.

— Мынау Малиновка, мынау орман. Мына жерде біздің полк болуы тиіс. Қалайда бүгін іздеп табуым керек...



Біз пионерміз

беруші бұл екеуіне, көрші Ворошилов атындағы колхоздың атақты қарт шопаны Қашқынбай.

Біз енді соны баяндайық.

Жазғы демалыс кезі: Бір күні Еркін мен Ерке өзен жағасынан үйге қайтып келе жатыр еді, ақ түйеге жеккен арбада отырған, ұзын бойлы, қаба сақалды қара кісінің:

— Шырақтарым, бері келе кетіңдер,— деген сөзін естіп, екеуі бірден бұрылды. Балалар қарттың қасына барды.

Олар газет бетіндегі суреттен мектепке бала жетелеп келе жатқан қарт адамды көрген болатын. Түйелі қарттың пішіні сол суретпен күйіп қойғандай дәл. Балалар мұны іштерінен сезді де,— «сол» деген тоқтамға келді.

— Шырақтарым, Бакыйдікі басқа үйге кірді, деп еді, қай үйге кіргенін білесіңдер ме? — деп сурады қарт.

— Я, біз білеміз, ата, қайда кіргенін, ертіп апарайық, жүріңіз,— деді екеуі бірден.

— Е, айналайын сүйтіндерші. Не деген тіл алғыш едіңдер.

— Ата, бізге пионер вожатыйымыз тіл алғыш болуды, үлкенді сыйлауды үйретеді. Біздің бұл міндетіміз ғой. Біз — пионерміз.

Бакыйдың үйінің алдына апарып, есігін көрсетіп, екі бала тура жөнеле бергенде, қораға кіре берген қартты, Бакыйдың екі төбеті бірден абалап үріп, ортаға алып қалды. Қарт қамшысын үйіріп жасқамақ болып еді, иттер одан сайын өршелене түсті.

Мұны көрген екі дос қайта оралып келгенше, қабаған Аққасқа, қарттың шұбатылған шапанының етегіне барып та жармасты. Күнде нан беріп, қосаяққа қосып жүрген Еркін мен Еркенің:

— Кет, жат, Аққасқа, Көкқасқа! — деген көтеріңкі, ызбарлы дауыстарын естігенде ғана екі төбет бұраң етіп, екі жаққа құлай кетті.

Үйге кірген қарт, үй ішінен амандасқаннан кейін, шапанының ит жыртқан етегін, Айша әжейге көрсетіп:

— Айша, мынау екі ит өздеріңіздікі ме? Қасқыр алатын иттер екен. Нағыз малшының қолы. Мынау екі бала болмаса, менің үсті-басымды дал-дал қылатын түрі бар,— деп, алдақашан кетіп қалған балаларды іздеді.

— Қап, кетіп қалғанын қарашы... Недеген тамаша балалар! Жөн сұрап ем, ертіп әкелді. Иттер қамап еді, ұзап кеткен жерлерінен жүгіріп келіп арашалап алды. Бірі бастап, бірі қостап осы үйге енгізіп жіберді. Бірінен бірі ешбір айнымайды, жылқыдағы қос қоңыр тәрізді. Қап кетіп қалғандарын қарашы!

Сөйтіп отырғанда, осы үйдің баласы, Еркін мен Еркенің жолдасы Рамазан келді. Ол бағана мектеп қасында жүріп, қартты иттен арашалаған Еркін мен Еркені сырттарынан көріп еді.

Екі баладан кеткеніне өкніп отырған қартқа Рамазан:

— Ата, мен ол екеуін білемін.

— Білсең, қарағым, «қос қоңырды» шақырып келші, екеуіне ниетім ауып, ықыласым құлап отыр. Екеуіне ауыз-ба-ауыз алғыс айтайын,— деді қарт. Қарттың сөзін қалт қылмастан:

— Қазір ата, шақырып келейін,— деп, ол тұра жүгірді.

III.

Егін орағының қызу жүріп жатқан кезі. Мектеп оқушылары масақ теруге бару үшін жыйналып, мектеп қорасында тұрған еді.

«Қазір шақырып келе қояйын»,— деп жүгірген бетінде Рамазан еш қайда бұрылмастан сол топқа келді.

— Бағанағы қарт, екеуіне сыйлық беремін, деп шақырта жіберді. Қарт екеуіне «қос қоңыр» деген ат берді. Бұдан былай сендер енді «қос қоңырсындар» деді. Тұрған жұрт бұлардың достық әзіліне ду күлісті.

Пионерлер қорадан шығып бара жатқан кезде вожатыйдың:

— Қарт шақырса, бара қойыңдар,— деген сөзіне Еркін мен Ерке көне қоймалы.

— Рахмет, ризамыз. Онда барсақ жұмыстан қалып қоямыз,— деді.

Міне, содан бастап бұл екеуі «қос қоңыр» аталып кетті.

Дәкен ШАЛАБЕКОВ
Қарағанды облысы, Нұра ауданы.



Еркін мен Ерке бір мектепте, бір класта оқыйды. Олардың аттарының ұқсастығына мінездері де, жүріс-тұрыстары да сай.

Тек қана айырмасы — Еркін аласа бойлылау, дембелшелеу де, үлкенді әрі тындағыш, әрі сыйлағыш. Ал, Ерке бойшаң, көк өрім шыбықтай нәзік белді. Үйі ішінде мазасыз, еркелеу.

Екеуі қатар жүргенде, оларды ұзынды-қысқалы бойларына қарай айырушы еді. Жеке жерде жүргенде аңдап қарамаған адамдардың талайы-ақ Еркінді Ерке деп, Еркені Еркін деп шатастырып айыра алмайды. Екеуінің қайсысы болсын ондай адамдарды кездестіргенде, бар дауыстарымен сақылқықтап күлетін. Қателігін сезгендердің талайы, олардың ол күлкісін қуаттағандай болып, өздері қоса күлісетін.

— Бұл екеуінің басқасын қойғанда, міне ең ақыры күлкілеріне дейін айнымауын қарашы,— деп таңданып жүріп кетуші еді колхозшылар.

Ерке бұрын, үйіндегі еркелігін далада да істейтін. Көшеде кездескен балаларды мазақ ететін. Еркінмен дос болғаннан кейін, ол бұл мінезінің бәрін тастады. Екеуі жазғы демалыс кезінде колхоз даласында жұмыс істеді.

Үлкендермен қарбалас, таң сәріден тұрып, қалың шөптің арасынан бастары ғана қылтылып жұмысқа кетіп бара жатқан, кештетіп жұмыстан қайтып келе жатқан балаларды көріп колхозшылар: «балапандар келеді», дейтін еді де, Еркін мен Еркені «балапандар бастығы» десетін. Кейінгі кезде бұл екеуіне «қос қоңыр» деген ат пайда бола қалды. Бұл атты



орденін не үшін алды?

Быйылғы Октябрь айында Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағы өзінің 30 жылдығын мерекелемек. Бұл мерекені комсомол ұйымдарымен бірге бүкіл еліміз, барлық совет халқы тойлайды.

Өткен отыз жылдың ішінде Ленин — Сталин комсомолы большевиктер партиясының басшылығымен күрес пен жеңістің тамаша кезеңдерінен өтті. Миллиондаған совет жастары, жаңа өмірдің жас құрылысшылары, коммунизм үшін күрестің жас отряды комсомол қатарында болып тәрбие алды.

Комсомолдың отан алдындағы еңбегі совет халқын сүйіндірді, большевиктер партиясы мен совет үкметінен зор баға алды. Комсомол ұйымы үш орденмен наградталды.

Бірінші награда — Қызыл туы ордені, комсомолдың азамат соғысының отты жылдарындағы ерлік істері үшін 1928 жылы берілді*).

Екінші награда — Еңбек Қызыл ту ордені, комсомолдың бірінші бесжылдық жылдарында еңбек майданындағы тамаша табыстары үшін 1931 жылы берілді.

Үшінші награда — Ленин ордені, комсомолдың неміс-фашист басқыншыларына қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысы жылдарындағы майдан мен тылдағы ерлік істері үшін, совет жастарын отанын сүю рухында тәрбиелеу ісіндегі табыстары үшін 1945 жылы берілді. Комсомол Ленин орденін совет жастарының соғыс майдандарында, партизан отрядтарында, елдегі еңбекте — заводтарда, фабрикаларда, колхоз бен совхоз далаларында майданды қару-жарақ, азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіндегі батырлығы мен еңбегі үшін алды.

Қанды балақ қарақшы жаумен күресте совет жауынгерлері — комсомолецтер бойдағы қайратын, ойдағы арманын отан үшін деген жалғыз ғана сезімге барындырды. Олар өлім өртің тұтантушыны жеңу үшін, бақытты өмірімізді сақтап қалу үшін күресті. Отан соғысы жылдарында комсомол майданға батырлар аттандырушы ұйымға айналды. Бүгінгі таңда әрбір бастауыш комсомол ұйымының мақтанышы бар. Әр республика, әр облыс, әр өлке даңқты батырлардың сарқылмас бұлағына айналды. Москва комсомолы Зоя Космодемьянскаяны мақтаныш етеді. Украина — Краснодардағы жас

гвардияшыларды, Белоруссия — Гастеллоны, Ленинградтықтар — Пшелнищеваны, Тулалықтар — Саша Чекалинді, Калининдықтар — Лиза Чайкинаны, Башкирия — Александр Матросовты, қазақстандықтар — Талғат Бигелдинов пен Маншук Маметованы мақтаныш етеді.

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісінде Қазақстан комсомолы мен Қазақстан жастарының да үлесі бар. Біздің республикамыздан 300 мың комсомол мүшесі майданға аттанды, олар сүйікті Отанын қорғауда ерліктің, батырлықтың тамаша үлгілерін көрсетті. Қазақстан комсомолының тәрбиесінде болған 94 жауынгер Совет Одағының Батыры атағын алды, екі жүз мыңнан астам жас жауынгер Совет Одағының орден және медальдарымен наградталды.

Совет Одағы Батыры атағын екі рет алған Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Леонид Беда, Иван Павловтар, Совет Одағы Батыры атағын бүкіл шығыс халықтары қызының інінен өрен шығып алған Маншук Маметова мен Алия Молдағұловалар бүкіл Қазақстан еңбекшілерінің мақтанышы.

Елдегі еңбек майданындағы жастар да қажырлы қызмет етті, олардың жүрегі Отан деп соқты, олар барлық ақыл-ойын, бойдағы жігер-қайратын «барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген совет халқының жеңімпаз ұранына бағындырды. Майданға аттанған әке мен ағаның орнын жоқтатпай жастар мен әйелдер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының ең ауыр учаскелерінде қызмет істеді.

Жауынгерлер майданда батырлықтың нелер үлгісін көрсеткен болса, елдегі еңбек майданының ерлері өнеркәсіпте, жаңа құрылыстарда, колхоздарда іскерліктің, отанына берілгендіктің үлгісін көрсетті. Комсомол ұйымдарының басқаруымен өнеркәсіп орындарында, темір жолдар бойында мыңдаған жастар бригадасы ұйымдастырылды. Жас жұмыскерлер уақытпен санаспады, күн-түні еңбек майданында арпалысты. Олар: «Біз отан жауымен станокта тұрып соғысамыз, біз қару-жарақты, соғыс мұқтажын қаншалық көп шығарсақ, жау соншалық тез жеңіледі, жеңіс күшіне жақындай түсеміз», дейтін.

Жастар майдан мүддесі үшін күшін де, қаражатын да аяған жоқ. Жауынгер армияға қару-жарақ сатып алу қорына Қазақстан жастары мен пионерлері 36 миллион сая ақша жыйнады.

* Комсомолдың «Қызыл ту» орденімен не үшін наградталғандығы туралы «Пионер» журналының өткен жылғы 9-санында әңгіме басылған.

Комсомолдар мен жастар Отан соғысы жылдарының барлық ауыртпашылығынан сыр бермей шықты. Сондықтан да Сталин жолдас, — даңқты совет жастарының Ұлы Отан соғысындағы тамаша батырлығы біздің халқымыздың тарихынан ешпес орын алады, деп бағалады.

Қазақстан комсомолы бүгінгі таңда жастарды соғыстан кейінгі бесжылдықты төрт жылда орындап шығуға жұмылдыруда. Жастар бейбітшілік күндерінде де социалистік еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Егіннен мол өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағын алған республиканың ауылшаруашылық қызметкерлерінің ішінде ондаған комсомол мүшелері мен жас кәлхозшылар бар. Комсомол жастарды социалистік еңбекке жұмылдыру арқылы оларды отанын сүйеге, боль-

шевиктер партиясы мен көсеміміз Сталин жолдастың төңірегіне бұрынғыдан да берік топтай түседі.

БЛКЖО Орталық Комитетінің XIV пленумында комсомолға Ленин орденін тапсырып тұрып М. И. Калинин:

«Сіздердің мұндай ұлы наград алғандарыңызға, сіздермен бірге мен де қуаныштымын. Сіздердің бұл орденді кіршіксіз сақтайтындарыңызға, бұрынғыдан да артық жігермен, бұрынғыдан артық белсенділікпен Лениннің ұлы ісі үшін, Ленин—Сталин партиясының ұлы мақсаты үшін күресетіндіктеріңізге сепемін», — деген болатын.

Ленин — Сталин комсомолы ұлы наградты отан игілігі үшін күресте, еңбекте жаңа істерімен ақтайтындары даусыз.



Алғыт жүрек



... 1943 жылғы 23 февральда гвардия жауынгері Александр Матвеевич МАТРОСОВ Чернушка деревнясы үшін неміс-фашист басқыншыларға қарсы жүргізілген ұрыстың шешуші кезеңінде жаудың атыс бекінісіне өтіп, оның оқ апаратын аузын өзінің денесімен бітеді, өзін құрбан етіп, сонымен шабуыл жасаушы бөлімшеміздің табысқа жетуін қамтамасыз етті».

(И. СТАЛИН)

Қысқанда жау қыспағы оңнан-солдан,
Кім көрген қаланы, тас қамал болған?
Кім көрген жан ананы, қарт күнінде
Көкрегі — кекке, көзі — жасқа толған?
Кім көрген ер халықты, шеру тартқан,
Даңқы емес, өзі әлемді таңырқатқан?
Кім көрген батыр ұлды, Отаны үшін
Жүрегін жұлып алып жауына атқан?
Біз көрдік ғасыр көрмес кереметті,
Бір адам мың сан қолдай ерлік етті.
Денесін қалқан етіп достарына,
Қанымен жүрегіннің сөндірді өртті.
Қайратын, жүрек күшін большевиктің —
Зейіні жетіп оны өлшемек кімі!
Бар тілде мағнасы терең сөз жоқ
Бір сөзден біз айтатын: «Большевиктің!»

Т. Төгісов

ЖАҢА КҰРЫЛЫСТАРДА


И. Т. ТӘЖНЕВ.

Қазақ ССР Жоспарлоу Комиссиясының председатели.

Жаңадан салынып жатқан құрылыстарда болып, халқымыздың қарман еңбегі мен ерлік істерін, еліміздің ұшан-теңіз күш-қуатын көзбен көріп сүйсіну, оны мақтаныш ете білу, жасөспіріміміздің борышы.

Жас достар, төңрекеріңе көз жіберіңдерші, Социалистік Отанымыздың үлкен қартасына қараңдаршы! Сталиндік жаңа бесжылдықта қанша жаңа құрылыстар салынып жатыр десеңші!

Сендер барып қызықтап көретін ірі жаңа құрылыстар республикамызда өте көп-ақ. Шығыс Қазақстан, Семей облыстарының мектеп оқушылары мен пионерлері жаңа құрылыстардың ірілерінің бірі Өскемен су электр станциясы құрылысына экскурсия жасап баруына болады. Бұл алып құрылысты қазірдің өзінде-ақ жұрт «Қазақстан Днепрогэсі» деп атап жүр. Бұл өте орынды атау. Өйткені Өскемен су электр станциясы өзінің қуаты жөнінде елімізде Днепрогэс пен Рыбинскі станцияларынан кейін үшінші орын алады. Бұған Бұқтырма өзенінде салынбақ электр станциясының жылдық беретін қуатын қосқанда, екі Днепрогэске тең



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Совет колхозы, Совет бастауыш мектебінің оқушылары колхоз электр арасын көріп тұр. Ортада тұрған арасы Кенбаев Тәшімат.

ӨЛКЕ ТАҢУ САЯХАТШЫЛАРЫНЫҢ ЕСІНЕ

1. Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының көлемі 2 миллион 700 мың шаршы километр.
2. Қазақстан мыс, цинк (мырыш), қорғасын, никель байлығы жағынан Совет Одағында бірінші орын, ал мұнай жөнінен екінші, тас көмірден үшінші орын алады.
3. Дүние жүзінде бірінші болып саналатын сантонин деген дәрі дайындайтын завод біздің республикада ғана бар. Ол — Шымкентте,

Колхозды ауыл — кең жайлау,
Жадырай жазбен жайнап тұр.
Еңбекпен қайнап ең жайлау,
Бір күні бейне бір ғасыр.
«Көк төбеде» егіске,
Кең жайлауды қар жара,
Келеді жортын асыға
Күрең тайлы бір бала.
Көк жиекке көсілген,
Теңіздей егін толқып тұр.
Мәпелен соны өсірген,
Толқынды кешіп біреу жүр.
Ол ма? Ол Еңбек Ері еді
(Звеноның бастығы).
Кешіп жүрген толқыны —
Ертеңгі елдің астығы.
Кеудеде алтын жұлдызы
Жарқыраған, қыр қызы —
Ерінер емес еңбекте
Елін сүйген Қырмызы.
Звеносы — он адам,
Тал өзіндей сыналған.
Осылар ғой егісті
Баптап, күтіп, суарған.
Бәрімізде таныдық:
Жас пионер жүргінші —
Өзіміздің Бақытжан,
Қырмызының інісі.
Қуаныш билеп алыпты,
Баланың балғын реңін.
Танадай көзі айтып тұр,
Ішкі сырын — жүрегін.
Тайынан ырғып түсті де,
Қасымызға келді ол.
Үлкенге деген әдеппен
Сәлем етіп, берді қол.
Колхоздың орта шенінде
Тұрар еді бір ақ үй.
Өткен сайын өзіне
Бұрар еді мені ылғый.
Ол — мектеп, білім ордасы
Өсірген колхоз жастарын.
Өткен еді сол үйде
Менің де балғын жас шағым...
Шәкірт бала Бақытжан,
Қуанышта тым бүгін!
Бітіріпті мектепті,
Атқарыпты зор сынын.
Іске ыңғайлы, әдепті,
Улан еді өскелең.
Бесіншіге көшіпті,
Сыннан өтіп «бес» пенен.
Пионерге ел сүйген,
Жалығу деген себеп пе!
Келіпті егіс басына
Апасына көмекке.
Күні бойы Бақытжан
Бас алмады жұмыстан.
Қайтады кешке жұмыстан
Апа-інілі туысқан.
Қандай іскер десеңші,
Колхоздың жап-жас баласы.
Риза оған кең жайлау —
Қалың ел, туған анасы.

3. Ғабдолов.

болмақ. Өскемен су электр станциясы әбден салынып біткеннен кейін Шығыс Қазақстан облысында өндірілген электр қуатын жан басына шаққанда келетін үлесі Америка Күрама Штаттары мен Англияда да жан басына келетін электр қуатынан анағұрлым асып түседі.

Бұл құрылыстан балалар бірінші рет қолданылып отырған жер тоназытатын тамаша машинаны, салынып жатқан су қоймасының жалпы тұлғасын көреді.

Республикамыздың басқа облыстары мен өндірісті аудандарында да жаңа бесжылдықтың құрылыстарының саны күн санап өсіп келеді. Қарағанды көмір алыбында соңғы жылдары бірнеше жаңа шахталар салынды. Теміртауда Қазақстан қара металлургиясының тұңғыш — қазақ металлургия заводы салынды.

Теміртау — болат пен электр қуатының, металлургия мен химия өнеркәсібінің қаласы. Мұнда экскурсияға келген пионерлер қазақ металлургия заводын, оның мартен пеші және прокат-станоктерімен танысады. Прокат цехінің тұрған аумағы 20 мың текше метр, цех ең соңғы техникамен механизацияланған.

Қазақстанның мырыш өнеркәсібінің тұңғышы — Өскемен мырыш заводы былтырдан бастап елімізге мырыш бере бастады.

Талдықорған облысында Қаратал өзені алқабынан Ақтөбе тауының етегіне дейін қанатын жайған Текелі полиметалл комбинаты орнады. Қарабұлақта салынып жатқан қант заводының бірінші кезектегі құрылыс жұмыстары аяқталды. Бұл завод бір тәулікте 15 мың тонна вант қызылшасынан өнім шығаратын болады. Соғыстан кейінгі бес жылдықтың ірі құрылыстарының бірі Сырдария су қоймасы.

Астанамыз Алматы қаласында күрделі машина жасап шығаратын, вагон ремонттайтын тағы басқа ірі заводтар бар. Сонымен қатар жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында салынып біткен алтыншы, жетінші және жуықта ғана салынып біткен Алматы су электр станциялары бар.

Қаратау химия комбинатына экскурсияға бару да үлкен тамаша қой. Бұл комбинат фосфориті сапасы жөнінен елімізде екінші орын алады. Комбинаттың бірінші кезекте салынған құрылысының өзі жылына 120 мың тонна фосфорит ұнын береді, одан суперфосфат даярланады, ол оны мақта мен қызылша егілетін жерлерді тыңайтуға пайдаланылады. Алдағы уақытта комбинаттың күш-қуаты бірнеше есе арттырылмақ.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтың бұл тамаша құрылысына Жамбыл қаласына дейін Турксиб темір жолымен одан әрі Жамбыл-Шолақтау арасына жүретін темір жолымен жүріп баруға болады.

Біз Сталиндік жаңа бесжылдықтың бір неше ғана ірі жаңа құрылыстарын атап өттік. Мектеп оқушылары тек өз ауданындағы құрылыстарға экскурсияға барумен тыныш қоймай, көрші облыстардағы құрылыстар, кәсіп орындарымен танысқан жөн.

Жаңа құрылыстарда болу, олармен танысу балалардың ой-өрісін көңілтеді, қуатты Социалистік Отанымызға деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін арттыра түседі.

ӨЛКЕ ТАҢУ САЯХАТШЫЛАРЫНЫҢ ЕСІНЕ

4. Ақтөбедегі темір қорыту заводы 1942 жылы іске қосылды.

5. Қазақстанда тас көмір шығатын жердің саны жүзден асады, ал 50ге жуық жерде алтын өндіріледі.

6. Түркстан-Сибирь темір жолы 1930 жылдың 1 майында пайдаланылуға берілді. Бұл жолдың ұзындығы 1445 километр.

7. Қазақстанда 2100ден аса жерде мыс пен полиметалл шығарылғандығы анықталған.

8. Қазақстанда 8 темір жол бар.



ТАБИҒАТ АЯСЫНДА

Қазақстан жер көлемі жағынан Совет Одағында екінші орын алады. Бұл ұлан-байтақ өлкеде неше түрлі зенгер таулар, қалың ормандар, айдын шалқар көлдер, ұзаққа сарқырап ағып жатқан өзендер бар. Қазақстанның табиғат көрінісі әрі сәулетті, әрі көркем, әрі әр алуан.

Есік көлі ыдысқа құйған сұйық заттай деп-дөңгелек болып тау басында жатыр. Оның жан-жағын сыңсыған шырша ағаштары қоршаған. Бұл көлдің маңында қысы-жазы мызғымастан тау-тау болып шөгіп жатқан қарлы таулар. Осы көлден жарты шақырымдай биіктіктен төмен қарай сарқырама су құлайды. Бұл сарқырама да астанамыздың маңындағы тамаша табиғат көрінісінің бірі.

Біздің өлкеміздің Іле, Сырдария, Ертіс сыяқты өзендері де жаз күндерінде көрген адамды қызықтырмай қоймайды. Оларды бойлап қайықпен де, кемемен де жүзуге болады. Балық ауласаң, мөлдір суына шомылсаң бойың сергіп, рахаттанасың. Қазақстанның жұпар иісті ауасы, көк майсалы даласы, бақалы-балдырғанды көлдері, жыпырлаған кербез кустары, тауда ойнаған, жонда жортқан аңдары, көргенде көңіліңді тойдырады.

Біздің республикамыздың жерінде әлі де ғылым ашпаған өсімдік түрлері, тау кендері толып жатыр. Оларды табуда тек қана ғалымдар емес, жас буындар да зор еңбек етеді. Сендерге ол үшін жол да ашық, табиғат аясы да кең.

Жас достар! Жазғы демалыстарыңда республикамыздың түкпір-түкпіріне саяхат жасап, өсімдіктер түрлерін, кен байлықтарын зерттендер! Туған өлке жайында білімдеріңді толықтырындар!

М. З В Е Р Е В.



ОТАН ТАЛУШЫ ЖАСТАРҒА

Ә. ЖИРЕНШИН.

Тарих ғылымдарының кандидаты

Балалар, Қазақстанның ұшан-теңіз жерінен не іздесеңде табылады, әсіресе кен байлығы қандай мол! Атақты оқымысты Менделеев ашқан элементтердің барлығы да біздің жерімізде бар.

Ежелгі адам қоғамынан бастап, бүгінгі гүлденген социалистік өмірімізге дейін жер тарихын, онда өскен ел тарихын білу әрбір жас жеткіншек үшін үлкен хасиетті жұмыстың бірі.

Қазір Қазақстан жерінде осыдан неше мыңдаған жылдар бұрын талай халық өмір сүрген, талай қиын кескі соғыстар болып, талай тарихи уақыттар өткен. Соларға тарихи айғақ болатын, қазірде көптеген мәдени мұралар ұшырайды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының Қалба тауларында он мың жыл бұрын

ының біздің елімізді қанға батырған шабуылын сыпаттайды.

Монғол ханы Шыңғыстың әскерлерінің садақ, оқ, темір сауыттары сияқты құралдары Ертіс бойындағы жерден көп ұшырайды. Абай ауданында белгілі қоңыр әулие дейтін үңгір тастың жанында осы монғол әскерлерінің тастан салынған 300 дей үлкен қабірлері бар. Бұл үңгірдің аузынан бір кісі ғана сыйса, түп жағы жер астына сіңіп кете береді, біткен жерінде үлкен көл бар. Ол—ол ма, үңгірдің ішінің биіктігі 50 метр, ені 40 метр, суы мұздай және мөлдір, түп жоқ терең, тәрізі жер астындағы бір үлкен өзеннің ұштасқан тармағы болуы керек. Тағыда бір қызық нәрсе, осы үңгірден ұлы ақынымыз Абайдың қол жазуы табылып отыр.

Баян тауының басынан моншақтай жалтыраған Жасыбай көлі көрінеді. Оның да өз алдына тарихы бар.

Семей облысының Аягөз ауданының Таңсық станциясынан 15 шақырымдай жерде Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлудың тастан қалаған биік моласы бар. Көкшетау мен Бурабайды бір кезде Аблай, Кенесарылар жайлаған еді. Қазірде мұнда атақты Бурабай курорты бар, әр жылы онда жүздеген еңбекшілер дем алады.

Туркстан шаһарында Ақсақ темір хан салғызған Қожақмет-яссаудың сарайы бар. Бұл мұраға қазір 500 жыл болды, әлі сыны кетпеген, ішінде толып жатқан бөлмелер, үңгірлер бар. Балқаш көлінің атрауында Сары-су, Кенгір өзендерінің бірнеше жүз жыл бұрын салынған ескерткіштер тұр. Әсіресе азамат соғысы тарихын, ондағы құрбан болған большевиктердің зираттары, Торғай жеріндегі Аманкелді батырдың төрт құлақты бейітін, соғыс болған жерлерін білу аса қажетті

Алматыға 75 шақырым Ұзын арапта Жамбыл қарттың совет үкіметі тұрғызған күмбезі, тамаша музейі бар.

Елін сүй, жерін сүй, тану, Отанына қызмет істеу— жас пионерлерге үлкен борыш. Отан үшін еңбек етуге, алдымен тұрған жер тарихын, өзін туып өскен ел тарихын жақсы білуін керек.

жасаған Чудь халықтарының сол уақыттағы қола, мыс қорытқан кен орындары кездеседі. Егерде Сары арқаның көң байтақ жондарын, тау, тастарын араласандар, Семей облысының Шыңғыс тауынан бастап, Абралы, Бу, Баян ауыл, Көкше тауға шейін үйілген оба тастарды көресіндер. Олардың кейбіреулері төбе-төбе болып жатса, қайсыбіреулері тастан әсем ғып қыйып, қашап төрт бұрышты, болмаса дөңгелетіп қаланған. Бұларды халық «қалмақ оба» деп атайды. Ал тарихи негізіне келсек, бұл үйілген тастар осыдан 10 мыңдай жыл бұрын жасаған андрон мәдениеті кезіндегі көшпелі халықтардың бейіттері. Егер оның ішін қазсаң, 3—4 метр тереңдіктен кейін төрт жақтан қыйылған сандық тастар табылады. Міне, осы тастар талай жылдар бойы жер астында жатып тұтасып кеткен. Ал, олардың ішінде адам сүйегі, өрнекті құмнан құйған құмралар, құлаққа салатын сырғалар кездеседі. Құмраның бетіндегі әсем өрнектерге қарағанда, сол уақыттағы халықтардың әжептеуір өнері, мәдениеті болғанын аңғарамыз. Бергі ғасырларда белгілі «ақтабан шұбырынды» уақытынан (бұл 1720 жыл) қалған «қалмақ қырылған» деп аталатын көптеген жерлер бар. Мәселен, осындай жер Баян ауылында кездеседі. Бұл қалмақ-жонғарлар-



ЖАЗ ЖАҚСЫ ӨТТІ

ҚҰРАМА ОТРЯД

Бұрын бұл мектепте былай болатын: оқушылар емтихан мен сынақтан өтісімен, үйді-үйлеріне кететін. Енді олар жаңа оқу жылы басталғанша мектеп қарасын көрмейтін. Мектеп құлыптаулы тұратын. Сол сыяқты, пионер ұйымы да өз жұмыстарын тоқтататын. Дружина, отряд советтерінің мәжлісі болмайтын, жыйындары өтпейтін. Міне, былтырға дейін мектептің және пионер ұйымының жазғы жұмысының жайы дәл осындай болатын.

Бірақ былтыр бұл мектепте жағдай олай болмады. Оқу жылы бітер қарсаңында дружина советінің мәжлісі шақырылды. Оған мектеп директоры, оқытушылар және ата-аналар комитетінің председателдері де қатысты. Советтің мәжлісінде жазғы демалысты қалай өткізу туралы мәселе қаралды. Қалада қалатын пионерлерден құрама отряд ұйымдастыру ісі ұйғарылды. Ол отряд жаз бойы өзінің жұмысын тоқтатпайтын болды. Сондай жаңадан ұйымдастырылған құрама отрядтың бірі — Жас гвардия атындағы пионерлер отряды еді. Енді біз сол отряд пионерлерінің жазды қалай өткізуі туралы бір-екі әңгіме айтпақпыз.

ТАЛҒАР ТАУЫНА САЯХАТ

Аға вожатый жыйналған пионерлерге:

— Таңертеңгі сағат 9 да отряд осы алаңға жыйналыс. Өлке тану саяхатына шығамыз. Талғар тауына, «Торолевка» өзеніне барамыз. Оның өсімдіктері және жәндіктерімен танысамыз, тексереміз, — деді.

Вожатыйдың бұл сөзі пионерлерге өте унады. Туған өлкеңі зерттеу, оның жаратылыс байлығын біліп, табиғатымен танысу — өз өлжесін сүйетін балалар үшін қандай бақыт! Вожатый айтты. Пионерлер қостады. Отряд жорыққа шықпақ болды.

Белгіленген сағатта отряд жолға шықты. Олар горн тартып, барабан соға өтті. Оларды жолшыбай кішкене балалар сүйсіне шығарып салды.

Алматының Талғар жағы қандай әсем, қандай әдемі! Етегінде — жасыл жапрақты көк шөптер, кеудесінде — үкілі қалың қарағайлар мен тағы алма ағаштары, одан жоғарырақ — күнмен шағылысқан көк тас, шың басында ақ қар, көк мұз. Міне, осы көркем көріністі тамаша табиғат кісіні қалай қызықтырмасын, көзді қалай өзіне тартпасын!? Отряд Талғар тауының осы тамаша табиғатын, сырлы аңғарларын зерттеуге кірісті. Әрбір звеноның өз тапсырмасы бар. Лида Скороходованың звеносы қалың тоғай арасына еніп кетті. Онда олар орман құстарының өмірін бақыламақ, оны өздерінің күнделік дәптерлеріне жазып алмақ. Пионерлер ағаш арасынан адасып кетеміз бе деп қорықпайды: олар компаспен ориентировка жасауды, күнге қарап уақытты айыруды білетін еді. Өздері көрген құстардың өмірін тексеріп, оны қойын дәптеріне жазып алғаннан кейін олар отрядқа қайта келіп қосылды.

Надя Проценко бастаған звено гербарий жыйнады. Жасыл жапрақтан, қызыл гүлден үлкен букет ұстап, олар да адаспай кейін қайтты. Ал, Люба Середаның звеносындағы пионерлер өздерінің мектептеріне тау жыныстарының түрлерін әкелді. Бұл әкелінген гербарий, коллекция және тау жыныстары мектептің биология және география кабинеттеріне табыс етілді.

КОЛХОЗДА ӨТКЕН ОН КҮН

Отряд Энгельс атындағы колхозға келіп те жетті. Оларды колхоз председателі Забиров жолдас асқан құрметпен қарсы алды.

Аға вожатый Оля Чечулина бригадирмен сөйлесті. Ол

отрядқа масақ теретін учаскені көрсетті. Отряд іске кірісті. Бірінші күні олар мардымды ештеңе істей алмады. Отряд не бәрі 55 килограмма ғана масақ терді. Өйткені өздері жұмысқа кешігіп кірісті және жаңбыр жауып кетті. Ал, келесі күні отряд 100 кг. масақ терді. Бұл күні отрядтың Ауыспалы Қызылтуын Надя Проценко алды, ол бұл күні 9,7 кг. масақ терген еді. Күн сайын жұмыс жақсара бастады, іс қыза түсті. Отряд күніне 170 кг. масақ теретін дәрежеге жетті.

Күн артынан күн өтті. Жылжый-жылжый 24 августа — отрядтың жұмыс күнінің ақырғы күні де келіп жетті. Колхоз басқармасы пионерлерді шығарып салуға арнап жыйылыс өткізді. Онда вожатый Оля Чечулина колхоз председателі Забиров жолдасқа рапорт берді. Ол, он күннің ішінде отряд 160 пұт масақ тергенін айтты. Жыйылыста колхоз председателі.

— Жас достар, сендер аз күн ішінде көп жұмыс істедіңдер, Колхоз қорына 160 пұт алтын дән қостыңдар. Бұл аз астық емес. Бізге көрсеткен көмектерің үшін, жан сүйсінерлік еңбектерің үшін сендерге шын жүректен алғыс айтамыз, — деді. Колхозшылар председателдің сөзін қолшапалақтап қарсы алды.

Жас пионерлер мектептеріне колхоздан мақтау қағаз-мінездеме алып қайтты. Оны олар мектеп директорына, ата-аналарына, достарына зор мақтанышпен көрсетті.

Лидия ЧЕБУЛИНА.

Алматы, 24 — қызбалалар мектебі.



Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Совет колхозы Совет бастауыш мектебінің оқушысы Нурбаев Кабыжан өрістен қозы айдап келе жатыр.

Біздің ПОЧТА

БЕСІНШІ КЛАСҚА БЕСТІК БАҒАМЕН КӨШТІК

IV класс. Класс іші тым-тырыс. Тарих сабағынан емтихан басталды. Қызыл шүберекпен жабылған стол басында комиссия мүшелері отыр. Қабырғада карта ілулі тұр. Картаның қасындағы партада қолындағы билетке үніліп оқушы Төкен Жуманов отырды. Ол қыс бойы көп күн сабаққа қатыса алмай, көптеген пәндерден үлгіре алмай жүретін еді. Бірақ кейіннен звено пионерлерінің көмегімен қатарға қосылған, әсіресе соңғы екі тоқсанда сабаққа үзбей қатысып, озат оқушылар қатарына ілінген болатын. Міне, сол Төкен тарих сабағынан емтихан бермек.

Ол жауап бере бастады. Наполеон



бастаған Француз әскерлерінің басқыншылық әрекеті туралы, 1812 жылғы орыс халқының Отан соғысы туралы, Кутузов бастаған орыс әскерлері мен Денис Давыдов, Василиса Кожина бастаған партизан отрядтарының ерлік күресі туралы айтты. Сол сыяқты басқа да сұрақтарға мүдірмей жауап берді. Емтихан алушы-

лар Төкеннің жауабына өте риза болды. Оған бестік баға қойды.

Мұнан кейін оқушы Т. Сімбіков жауап берді. Ол Россиядағы алғашқы революциялық қозғалыстар туралы, Декабристер көтерілісі туралы, «Солтүстік» және «Оңтүстік» қоғамдардың әрекеттері туралы, акырында олардың сәтсіз соғын баяндады. Комиссия Сімбіковке де бестік баға қойды.

Оқушылар бірінен соң бірі шығып жауап берді. Барлығы да сыннан сүрінбей, емтиханнан ойдағыдай өтті. Көпшілігіміз бестік бағамен бесінші класқа көштік.

Есім ТУРАБЕКОВ.

Нарынқол ауданы, Социалистік қазақстан орта мектебі IV класс оқушысы.

МЕН ЛЕНИН КОМСОМОЛЫНЫҢ МҮШЕСІМІН



Бұл көктемде еді. Аспан ашық, күн жылы. Алматының асфальт көшесімен мектепке қарай жүгіріп келемін.

Міне, мектепке де келдім. Оның үлкен терезелерінен пионерлердің шырқап салған көңілді әндері естіледі.

Дружина пионерлері линейкаға тұрды. Мен және менің отрядтас жолдастарым Ада Белокурская және Кира Бершинова бәріміз де тынышсызданудамыз. Бұл біздің пионер линейкасына соңғы рет тұруымыз болмақ.

Аға пионер вожатый Эльвина Крас-

ковская дружина советінің қаулысын оқыды. Онда жетінші кластың он төрт пионерін комсомол қатарына өткізуге рекомендация берілсін деп жазылыпты. Аты аталғандардың ішінде менің де аты-жөнім айтылды. Қуанышым қойныма сыймады.

...Міне, менің қолымда қымбатты қағаз — БЛКЖОға кірушілердің анкетасы. Мен оны толтырып бастауыш комсомол комитеті секретарының қолына тапсырдым. Ол маған жуырда бастауыш комсомол ұйымының жыйылысы болатындығын, сол жыйылыста бізді комсомол қатарына алу

туралы мәселе қаралатындығын айтты.

Бастауыш комсомол ұйымының жыйналысы және Сталин аудандық комсомол комитетінің бюросы болып та өтті. Аудандық комсомол комитетінің секретары Каменский жолдамаған бір көк кітапшаны ұсынды.

— Ленин комсомолының мүшесі деген ардақты атты ақтай біл! — деді ол маған, менің қолымды қысып тұрып.

— Ақтаймын! — дедім мен.

— Комсомолдық билетке кір жүктырмай, таза сақтай біл! — деді ол маған.

— Таза сақтаймын!

Комсомол комитетінің секретары берген бұл көк кітапша менің комсомолдық билетім еді. Мен — енді, Ленин комсомолының мүшесімін. Бұл менің айлар, жолдар бойы аңсаған арманым еді. Бұл менің өмірімнің ең бақытты, ең қуанышты күндерінің бірі еді.

Міне, маған комсомолдық тапсырмалар да беріле бастады. Бастауыш комсомол комитеті маған III — класс пионерлерінің отряд вожатыйы болу міндетін жүктеді. Мен бұған келістім де, үлкен ынтамен іске кірістім.

Люда САЖДА.

№ 36 Л. М. Каганович атындағы қызбалалар мектебінің VII-класс оқушысы.



Ал, пионерлер Сарайының жас табиғат зерттеушілер үйірмелерінің мүшелері жазды күні өлке тану саяхатына шығады, өлкеміздің өсімдіктері мен жәндіктерін зерттейді, көптеген гербарий, коллекциялар жыйнайды.

Сарайдың әскери-спорт бөлімі Бүкілодақтық жас атқыштар жарысына қатысуға дайындалады, физкультурашылар күніне дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Пионерлер Сарайының балаларға беретін білімі, үйрететін өнері көп. Және олар үшін оның есігі әрқашан да ашық.

5. Жоғарғы Суретте: Берсенева Вита, Шербаченко Галя, Макурина Валя, Галиева Зина, Подойникова Люда кесте тігіп отыр.

6. Төменгі Суретте: Иванова Галя мен Чижонжу Люся тәжірибе алаңында жұмыс істеп жүр.



Пионерлер жырлары мен билерінің ансамблы ұйымдастырылды. Бұл ансамбль Пионерлер Сарайында, қаладағы балалар үйлерінде, Қазақ ССР Оқу министрлігінде, балалар паркінде бірнеше рет концерт қойды. Ансамбль қалалық олимпиадаға қатысып, онда бірінші орынға ие болды.

Пионерлер Сарайының әскери-спорт бөлімдерінің: атқыштар, гимнастика, акробатика, футбол, шахмат-дойбы үйірмелері де жұмысты жақсы істейді. Өткен жылы атқыштар үйірмесі Ташкент қаласындағы пионерлер Сарайының атқыштарымен жарысқа түсіп озып шықты.

Пионерлер Сарайы — білім ордасында, оның жанынан ашылған тұрақты пионер лекториясы бар. Бұл лекторияда балаларға арнап ғылыми, тарихи, әдеби және саяси тақырыптарда лекция оқылып тұрады. Әрбір лекцияның соңынан сол тақырыпқа сай кино-картина көрсетіледі.

Пионерлер Сарайы — жазды күні де жұмысын тақтатпайды. Қазір жазғы жұмыс жоспары жасалды. Ол жоспар бойынша пионерлер Сарайы жаз күндері астанамыздың атақты адамдары: академик Қ. Сәтпаев, профессор Войткевич, Сталиндік сыйлықтың лауреаты К. Байсейтова, жазушы С. Мұқанов, ақын Д. Снегин, оқытушы-депутат Қ. И. Гурова, стахановшы С. Фадеев, спортсмен В. Зиминдермен кездесу кештерін ұйымдастырады.

Сарайдың техникалық бөлімінде көп жұмыстар істелмек, Авиомодельшілер үйірмесі Бүкілодақтық жас авиомодельшілердің 17 — жарысына қатысуға дайындық жұмысын жүргізеді. Радио-сүйөшілер, автотранспортшылар үйірмелері де Бүкілодақтық жас радио-сүйөшілер және автотранспортшылар жарысына дайындалады.

Шахмат ойынының дүние жүзілік чемпионаты

М. М. Ботвинник — шахмат ойынының дүние жүзілік чемпионы.



Шахмат ойынының дүние жүзілік чемпионы атағын алуға арналған жарыс — матч-турнир аяқталды.

Шахмат ойынының дүние жүзілік чемпионы атағын алу үшін ойнау ерте кезден болып келе жатыр. 1886 жылы атақты шахматшы Андерсонды жеңіп Вильгельм Стейнц дүние жүзілік чемпион болды.

Орыс шахмат ойыны мектебінің негізін салушы Михаил Иванович Чигорин (1850—1908) шахмат ойының неше алуан әдіспен жүргізу жағынан Стейнцтен әлде қайда жоғары еді.

1894 жылы Стейнц Эмануил Ласкерден жеңілді. Ал Ласкерді 28 жыл бойы ешкім жеңе алмаған. 1921 жылы «шахмат ойынының жаңа жұлдызы» Куба шахматшысы Раул Капабланка ғана Ласкерді жеңді. Капабланка ойынының шеберлігі мен дәлдігін замандастары сағат механизмінің дәлдігіндей, — дейді екен.

1927 жылы А. Алехин Капабланка-

ны жеңіп дүние жүзілік төртінші чемпион болды.

1935 жылы Алехин күтпеген жерден голландиялық Макс Эйведен ұтылып қалады. Бірақ, екі жылдан соң Эйвені Алехин ұтып, бұрынғы чемпион атағына қайтадан ие болады.

1946 жылы март айында Алехин Португалияда өлді. Ол өлген соң орын басатын дүние жүзілік чемпион болмады.

1947 жылы августа Гаага қаласында халықаралық шахмат құрамасының кезекті конгресі болды. Оған совет шахмат ұйымы да қатысты. Осы конгресте 1948 жылы болатын матч-турнирде жеңіп шыққан ойыншыға дүние жүзілік чемпион атағы беріледі деген қаулы алынды. Бұл турнирге дүние жүзіне әйгілі Р. Фаши, Самуил Решевский (Америкадан), Макс Эйве (Голландиядан), Михаил Ботвинник, Василий Смыслов, Пауль Керес (Совет Одағынан) қатыспақ еді. Турнир басталарда Фаши жарысқа қатысудан бас тартты. Сонымен дүние жүзілік чемпион атағын алу жарысына қалған бесеуі қатысты. Матч-турнир екі жарым айға созылды. Шахмат ойыны жеңілде дүние жүзілік алтыншы чемпион совет гроссмейстрі Михаил Ботвинник болды. Ол 20 ойыннан 14 ұтыс алды. Ол ойынды біріншай баппен жүргізіп, өзіне қарсы ойыншыдан күші ылғый басым болып отырды. Шахмат ойынының бұрыннан келе жатқан неше алуан әдістерін қолданумен бірге, ол жаңадан жүріс ойлап қолданып отырды. Ботвинник шахматтың дүние жүзілік шеберлері Стейнц, Чигорин, Ласкер, Капабланка тағы басқаларының үлгілі әдістерін өте жақсы меңгерген ойыншы.

Михаил Мойсеевич Ботвинник 1911 жылы 11 августа Петербург (Ленинград) қаласында туған. Онекі жасынан бастап мектепте шахмат ойынының шарысына қатыса бастаған. Бесінші категориядан бірте-бірте жоғарылап, онбес жасында бірінші категориялы шахматшы деген құрметті атаққа ие болады. 1926 жылы ол Ленинградта бірінші орын алу үшін жарысқа түсіп, мастер М. Рабинович екеуі екінші-үшінші бәйгі алады. 1927 жылы Ботвинникке Совет Одағының шахмат мастеры деген атақ берілді. Ал, 1931 жылы Ботвинник 20 жасы-

да Совет Одағы шахматшыларының чемпионы деген атақты турнирде жеңіп алады.

1935 жылы Москвада болған халықаралық екінші турнирде дақты шахматшы Ласкер, Капабланка, Шильманлардан озып, гроссмейстер Флор екеуі бірінші, екінші бәйгі алады. 1933 жылы гроссмейстер Флормен ойнағанда, тек түскендіктен Ботвинникке гроссмейстер атағы берілген болатын.

1936 жылы Неттингемде (Англия) болған халықаралық шахмат мастерлерінің турнирінде Капабланка мен Ботвинник тек түсіп бірінші, екінші орын алады.

1938 жылы Амстердамда болған әйгілі сегіз шахматшының матч-турнирінде Ботвинник дүние жүзі чемпионы Алехин, Капабланка және Решевскиймен ойнағанда, әрбір екі ойыннан біржарымнан ұтыс алады.

Соғыстан кейін Гронинген (Голландия) қаласындағы және Чигорин құрметіне арналған халықаралық турнирде Ботвинник жеңіп шыққан.

Дүние жүзілік чемпион атағын алуға ойналған матч-турнирде екінші орынды Василий Смыслов алды. Ол 20 ойыннан 11 ұтысқа ие болды.

Смыслов—соңғы турнирге қатысқандардың ең жасы. Ол 1948 жылы 24-мартта 27 жасқа толды. Смыслов 17 жасында шахмат мастеры, 20 жасында гроссмейстер атағын алған дарынды шахматшы. Смысловтың осы матч-турнирде екінші орын алуы келешекте үлкен жеңіс күтерлік талантты шахматшы екенін көрсетеді.

Матч-турнирде жеңіске жете ме деп үміт күттірген ойыншының бірі—Пауль Керес еді. Ол 20 ойыннан 10¹/₂ ұтыс алды. Американың әйгілі шахматшысы Решевский де 20 ойыннан 10¹/₂ ұтыс алды. Ал, дүние жүзілік чемпион болған Макс Эйве 20 ойыннан небары 4-ақ ұтыс алды.

Дүние жүзілік чемпион совет шахматшыларынан шығуы-біздің елімізде талантты адамның өсуіне ерекше жағдай бар екенін сыйпаттайды. Спорттың басқа түрі сыяқты шахмат ойында бүкіл халықтық ойынға айналды. Совет гроссмейстері Михаил Ботвинниктің дүние жүзілік чемпион болуы — совет халқының мақтанышы.

Е. БРАУН.

ТЕЛЕФОННЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ

ВИДЕТЕЛЕФОН

Совет инженері И. П. Захаров телефонның жаңа түрін жасап шығарды. Оны видетелефон деп атайды. Бұл телефонмен сөйлеушілер өздерінің алыста тұрғандығына қарамастан, бірін-бірі жақсы көріп тұрады. Әрине, бұл электр қуатының күші. Видетелефонның алдында тұрған адамның бетіне сәуле түседі, сол сәуле аппаратқа барып түседі. Әлгі аппаратқа түскен сәуле енді электр сигналына айналады. Бұл сигнал телеграф сымдары арқылы немесе радиотолқын арқылы тиісті жерге жіберіледі де, ол жерге жеткенде қайтадан сәулелі толқынға айналады. Сөйтіп екінші қаладағы сөйлесіп тұрған адамның алдындағы кішкене экранда сіздің сәулелі суретіңіз пайда болады.

Видетелефон осы күнгі өзіміз көріп жүрген кәдімгі телефондарға ұқсамайды, қайта олардан гөрі громкоговорителі, микрофоны және экраны бар радиоқабылдағыштарға ұқсайды. Тек мұның радиоқабылдағыштан айырмасы, видетелефонның экранына сөйлесуші адамдардың суреті түсіп тұрады.

Бұрын сөйлесушілердің суретін анық көрсету үшін жарығы күшті өте үлкен шам керек болатын еді. Бірақ мұндай шамдар пайдалануға өте ыңғайсыз болатын және аса қымбатқа түсетін. Ал, қазір совет оқымыстылары адам суретін анық көрсететін жаңа аппарат ойлап тапты. Бұл аппарат аса күшті жарықты керек етпейді



және пайдалануға өте ыңғайлы. Оның бағасыда арзан, құрылысы да жеңіл, жұмыс тәртібі де өте оңай.

Видетелефонмен алғаш рет Москва мен Ленинград сөйлесті. Мұнда сөйлесушілер бірін-бірі өте жақсы естумен бірге, микрофон жанына орнатылған аппараттан бірін-бірі өте жақсы көрді. Қазір елімізде видетелефонды көптеп шығару ісі, сол сыяқты, оны халық шаруашылығына пайдалану ісі қызу қолға алынуда.

ДЕМИФОН

Сіз демифонның трубкасы қолыңызға алып, құлағыңызға тосып, өзіңізге керекті номерді сұрап аласыз. Сонда сізге таныс дауыс: «Мен қазір үйде жоқпын. Үйде кешкі сағат 10 да боламын. Ал, қазір сіз өзіңіздің кім екендігіңізді және сізбен қашан қалай сөйлесуге болатынын қысқаша айтыңыз. Кешке үйге қайтып келген соң, сізбен өзім сөйлесейін» деп жауап береді.

Әрине, сіз мұндай жауапқа таң қаласыз. Тіпті сөйлесіп тұрған жолдасыңыздың үйде жоқ екендігіне күмәнданасыз. Дегенмен, сіздің жолдасыңыздың үйде жоқтығы анық, ал, оның орнына сізге жауап беріп тұрған аппарат — демифон. Демифонды совет радиоинженері — Демиховский ойлап тапты. Сондықтан да ол оны өз атымен атады.

Демифонның хабар беретін және берілген хабарды жазып алатын бөлімдері бар. Бұл бөлімдер кәдімгі электронателефонмен жалғасады да, телефонмен сым арқылы байланыстырады.

Демифон жауап береді, берілуге тиісті мәліметтерді жібереді. Сондай-ақ ол телефон арқылы берілген қандай хабар болса да жазып ала алады. Өзіне тиісті осы міндеттерді орындағаннан кейін аппарат өзінің бұрынғы қалпына қайтадан келеді.

ЖАУАП АВТОРЫ КІМ?

«Пионер» журналының 1947 жылғы 10-санында басылған Жаңғалақ Жанысовтың сұрауына жауап: 1. Абайдың нақыл сөздерінен. 2. М. Горькийдің «Сұңқар туралы жырынан». 3. Сұлтанмахұттың «Туған еліме» деген өлеңінен. 4. Жамбылдың «Ата жаумен айқастық» деген өлеңінен. 5. Жамбылдың «Москва туралы жырынан». 6. Нұрпейстің «Зор майданға шапшаң бар» деген өлеңінен. 7. Нұрпейстің «Қазақстан-майданға» деген өлеңінен. 8. Нұрпейстің «Ер туралы жырынан». 9. Ә. Сәрсенбаевтың «Хұрметте оны» деген өлеңінен. 10. В. Маяковскийдің «Совет паспорты тұрады» деген өлеңінен. 11. Г. Ормановтың «Ана мақтанышы» деген өлеңінен. 12. Т. Жароковтың «Тасқын» атты поэмасынан. 13. Ж. Молдағалиевтың «Отан» деген өлеңінен.

Дұрыс жауабын жібергендер: Мырқы Ақпантаев (Қарағанды облысы, Қарсақпай қазақ орта мектебі), Ғазиз Шалабаев (Көкшетау облысы, Рузаев ауданы, Теңдік бастауыш мектебі), Тойқара Төкенов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір орта мектебі).

ШАРАДАЛАР


1. Басқы буыны төрт түлік малдың біреуі, екінші буыны жәмарт деген мағнадағы сөздің бас буыны. Екеуін қосқанда Совет одағындағы бір түбектің аты шығады.

2. Басқы буыны бұйрық рай, екіншісі септік жалғау. Екеуін қосқанда бір ірі өзеннің тарауының аты шығады.

3. Басқы буыны дауысты дыбыс, екіншісі дәулетті деген мағнадағы сөз. Екеуін қосқанда бір ұлы ақынның аты шығады.

Шараданы жіберуші

Тасылбай ЕЛЕУСІНОВ,
Қызылорда қаласы.



ӨШПЕС ДАНҚ ТУРАЛЫ ЖЫР

Жуырда баспадан ақын Қалмақан Әбдіқадыровтың өлеңдер жыйнағы басылып шықты. Ол жыйнаққа ақынның 1941-45 жылдар арасындағы өлеңдері кірген. Бұл жылдарда Қалмақан қолына қару алып, біздің сүйікті Отанымызға тұтқыйылдан бас салған неміс басқыншыларына қарсы күресті.

Қалмақан ұлы айқастағы борышты ұлы Отан берген қолындағы қаруымен де, бойына біткен ақындық қуатымен де атқарды. Ақын майдан даласында да, жалынды, өткір жырларында да Отанға деген, халыққа деген сүйіспеншілігінің шексіз екенін көрсетті.

Қалмақан өзінің өлеңдерінде халықтың сөз мұраларының ең асылын, ең таңдаулысын шебер орындай түрде қолдана білетін ақын. Ол өзінің шығармаларының көпшілік жұртқа түсінікті болуына ерекше көңіл бөледі. Қалмақан соғыс кезінде жаңадан нақыл сөздер жасаумен шұғылданады. Басқа өлеңдерімен бірге ол нақыл сөздері де жыйнаққа кіргізілген.

Қалмақанның бұл жыйнағында жүзден аса өлеңі бар. Оның бәрі де Ұлы Отан соғысы тақырыптарына арналған. Ақын ол өлеңдерінде совет жауынгерлерінің ерлігін, совет қаруының артықшылығын мақтайды. Оларды әділ ісіміз үшін ұрыста тапжылмас табанды батыр, батыл болуға, жауға мейірімсіз, қатал болуға шақырады. Онымен қатар ақын елдегі еңбек майданына да қайырылып отырады, қызулы еңбектің жауды жоюда маңызы зор екенін жырлайды. Ақын «Туған ел» деген өлеңінде:

«Сүйіктім, әсем көркем туған елім!
Қымбаттым сенен басқа бар маме-
нің?»

Қуатым, құдіретім — күшті қорған
Нұрыңмен қуаттанам күнде сенің!»
дейді.

Мұнда ол өзінің туған елімен біте қайнасып жатқанын, бойындағы күш-қайрат ұлы отанынан туған елінен алған нәр екенін толғайды.

Қалмақан шығармаларында халық

достығы елеулі орын алады. Ақын совет халықтарының сталиндік достығын мақтаныш етеді. Ол «Алға» атты тамаша өлеңінде былай дейді:

«Ел күшінің өлшеуі —
Ұлы мұқыт тұнығы,
Ер күшінің өлшеуі —
Гималай таудың биігі.



Бірлігі берік, шекер-бал —
Бірін бірі сүйсі»
Жыйнақта ұлы ұстазымыз Сталин жолдастың жарқын бейнесін асыл сөздермен, көркем тенеулермен сыпаттаған бірнеше өлең бар. Данышпан көсеміміздің бейнесін көркем әдебиетте көрсетуде Қалмақан Жамбылға батыл еліктейді.

Қалмақан орыс халқын шарықтай, сүйсіне жырлайды. ұлы орыс халқының ер халық, ара халық, туысқанға мейірімі кең, жауға мейлінше қатал халық екенін айтады.

Балалар! Қалмақанның өлеңдер жыйнағын оқып шығындар! Онда мектептегі сауық кештерінде пионерлер жыйынында тақпақ етіп айтатын өлеңдер де көп.

К. БОРАМБАЕВ.

Е Ң Б Е К

Уа, еңбек, тіршілікке болған арна,
Сенсіз бақ, сенсіз атақ, аброй бар ма:
Мәңгілік таусылмайтын қайнар көзсің —
Қайратты еңбек сүйгіш еркін жанға.
Егесте еңбек қызын, қуат артып,
Өмірді жау қолынан алдық тартып.
Ал бүгін бейбітшілік еркін еңбек —
Бақ бар ма жер үстінде бұдан артық.
Жаныма нәр жауады еңбек десем,
Ел үшін еңбек етіп, еңбекте өсем,
Бақ қушқан бақытты елдің ұланымын —
Баулыған ұлы Сталин, ұлы көсем!

Т. ЖАБАЕВ

Қазақстан комсомолының IV — съезі

С. Сеитов — Данышпан халықтың данышпан ұлы	3
В. Г. Белинский — Н. В. Гогольге хат	6
Т. Болатова — Лагерь күндері	7
С. Бақбергенов — Азамат (повесть, жалғасы)	10
Д. Шалабеков — Біз—пионерміз: Комсомол Ленин орденін не үшін алды?	11
Т. Тәгісов — Алып жүрек (өлең)	13
З. Рабдалов — Колхоз баласы (өлең)	14
И. Тәжиев — Жаңа құрылыстарда	15
М. Зверев — Табиғат аясында	—
Ә. Жиреншин — Отан танушы жастарға	16
Л. Чебулина — Жаз жақсы етті	17
Біздің почта	19
Жас өнерпаздар ордасы	21
Е. Браун — Шахмат ойынының дүние жүзілік чемпионаты	22
Телефонның жаңа түрлері: жауап, шарадалар	23
К. Борамбаев — Өшпес данқ туралы жыр	24
Т. Жабаев — Еңбек (өлең)	24
Біздің календарь	—

Мұхабаның 1—бетіндегі суретті жасаған К. Баранов:

Мұхабаның 4—бетіндегі суретті жасаған В. Нестеров:

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (редактор), Н. Ахметова, Ә. Бектұров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.
Тех. редактор П. Я. Вальчук

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 21-VI-48 УГО1890.
Объем 3 п. л. Тираж 10.000
Гостипография МЗ Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата № 453



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

Жамбыл 1846 жылы Шу өзені бойындағы Жамбыл тауының бауырында туған. Сондықтан да, оның есімін әкесі Жапа Жамбыл деп қойыпты. Содан кейін Жапа өзінің ата мекені Майтөбеге көшіп келеді. Қазір бұл жерде Жәкеңнің туған-туысқандарынан кұралған колхоз бар. Ол ұлы ақынның есімімен аталады.

Жәкеңнің 85 жасы ақындықпен өтті. Бірақ оның жырлары тек Октябрь революциянан кейін совет үкметі тұсында ғана кеңінен қанат жайып, өмір шыңына көтерілді.

Жәкеңнің «Туған елім» деген әйгілі жыры бүкіл совет халқы сүйсіндірді. Бұл жыр ұлан-байтақ отаны бар, көп ұлтты совет халқы туралы жазылды. Ол мұнда Ленин—Сталин туы астында социалистік қоғам орнатыл, коммунистік қоғамға — коммунизмге қарай алға басушы совет елін жыр етті. Жәкеңнің жырлары



Совет Одағындағы барлық халықтардың тілінде аударылып, оны олар сүйіп оқыйтын болды.

Сталин дәуірінің ең атакты ақыны, поэзияның алып ақсақалы Жамбылдың халыққа сіңірген еңбегін үкметіміз бен партиямыз зор бағалады. Ол Совет Одағының үш орденімен наградталды—Сталиндік Сыйлықтың лауреаты атанды, Қазак ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

Жәкең балаларға арнап «Бақытты балалық өмір туралы», «Балаларға», «Бесік жыры», «Оқы балам», «Октябрь балалары» газетіне деген бірнеше өлең жазды.

Балалар Жәкеңнің бұл жырларын жаттап алып, пионер жыйындарында, туған-туысқандарының алдында айтып жүреді.



АЛЕКСАНДР МАТРОСОВ

Неміс-фашистері өздері басып алған совет жерлерін оңайлықпен тастап кеткісі келмеді. Біздің шабуылшы бөлімдерімізге қарсы соғыс құралдарының барлық түрлерінен боратып оқ атты. Осындай керемет ұрыстың бірі февралдың 23-інде болды. Бұл ұрыс Чернушка деревнясы үшін жүргізілді. Жер астынан мықты бекініс жасап алған немістер біздің бөлімшелерімізді алға бастырмауға тырысты.

Ұрыстың қызу кезінде Ленин комсомолы баулып өсірген гвардия жауынгері Александр Матросов жау бекінісіне өтіп, оның оқ ататын аузын өзінің жас денесімен бітеді. Ол сөйтіп біздің шабуылшы жауынгерлерімізге жол ашты. Ол Отан алдындағы, Совет халқы алдындағы жауынгерлік атын зор аброймен орындады.

Александр Матросовтың бұл ерлік өлімі оның майданда жолдастарын неміс бапдаларына күйрете соққы беруге бастады. Олар жауды жермен жексен етті.

54 гвардия атқыштар дивизиясының 254 полкінің жауынгері А. Матросовтың Отаны үшін еткен қаһармандық, батырлық ісін Совет Армиясының ұлы қолбасшысы И. В. Сталин жолдас өзінің бұйрығында атап көрсетті. Оның есімі өзі қызмет еткен полктағы жауынгерлердің тізімінде мәңгі жазылып қалатын болды.

1943 жылы 3 июньде Александр Матросовқа өлгеннен кейін Совет Одағының Батыры атағы берілді. Оның туған жері—Уфа қаласында А. Матросовқа арнаулы ескерткіш орнатылды. Ол туралы талай жалынды жырлар, көркем әңгімелер жазылды. Александр Матросовтың ұлы ерлігі мен жарқын бейнесі, оның Отанға деген сүйіспеншілігі ешқашанда есімізден шықпайды.

МИХАИЛ ИВАНОВИЧ КАЛИНИН

Бұдан екі жыл бұрын — 1946 жылғы 3 июнь күні — коммунист партиясы мен Совет мемлекетінің асқан қайраткері Михаил Иванович Калинин қайтыс болды.

Михаил Иванович Калинин талай тар жол-тайғақ кешуде Ленин мен Сталиннің сенімді серігі болды. Ол елімізде совет үкметін орнатты. Одан кейін Михаил Иванович жыйырма жеті жыл бойы Совет мемлекетінің ең жоғарғы орында басшы боп отырды: алғашында ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының, соңынан Жоғарғы Советі Президиумының председателдік қызметін атқарады.

Ол жас пионерлерді біздің келешегіміз, жеткіншегіміз деп өте жақсы көруші еді. 1923 жылы Москва пионерлеріне жолдаған құттықтауында Михаил Иванович былай деп жазды:

«Біздің үмітіміз және жұмысшылар мен шаруалардың, республикалар одағының мүдделері үшін күресушілер деп Москваның бірінші губерниялық конференциясына жыйналған жас пионерлерді құттықтаймын».

Пионерлер Михаил Ивановичтің бұл сенімін толық ақтады.

Совет Одағының Батыры деген зор атаққа ие болып, Михаил Ивановичтің қолынан алтын медаль алғандардың көбі бұрын пионер ұйымында тәрбиеленген. Қазір аттары бүкіл елімізге әйгілі Социалистік Еңбек Ерлерінің де бір талайы мойындарына пионерлік галстук тағып өскен.

Михаил Иванович әрқашан балаларға адал болуды, сабақты жақсы оқуды ақыл етіп айтып отырушы еді. «Білім үшін, ғылым үшін күрес — Совет Одағының әр комсомолінің, әр пионерінің борышы, ең бірінші міндеті.

Социализм — ғылым мен мәдениеттің қоғамы. Социалистік қоғамның ардақты мүшесі болу үшін көп оқып, көп білу керек», дейтін ол.

Пионерлер мен мектеп оқушылары өздерінің ұлы досын ешқашан ұмытпайды.

ТАҢҚЫР БАЛЫҚШЫ

Суреттерін салған В. НЕСТЕРОВ.



Ағысы қатты өзен түбі терең,
Қызығып балық аулап тұрғанда мен.



Әкетті су ағызып ескегімді.
Жағаға қалай жетем, әсте енді?



Бір айла таптым, таптым! Ақ күшігім,
Сыналар келді кезек иең үшін.



Күшігім тайсалмады еркін жүзіп,
Жағаға алып шықты. Болды қызық.